РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ГАЗЕТ

№22
(2085)
2 маусым
2023 жыл

# SARBAZ

газет 1929 жылдың
7 қарашасынан
бастап шығады



ЕЛДІК ТАҢБА – ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

3 - бетте



ВКЛАД В УСТАНОВЛЕНИЕ МИРА

4 - бетте



ОҚУШЫЛАР ӘСКЕРИ ӨМІРМЕН ТАНЫСТЫ

7 - бетте

Қызыл Әскер
БОЕВОЕ ЗНАМЯ
КАЗАКСТАН САРБАЗЫ
ВОИН КАЗАХСТАНА

facebook.com/sarbaz.kz instagram.com/sarbaz.kz vk.com/sarbaz.kz twitter / @SarbazKz

WWW.SARBAZ.KZ

# БІТІМГЕРЛЕР БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ҚАУІПСІЗДІК КҮЗЕТІНДЕ

**29 мамыр – БҰҰ Халықаралық бітімгерлер күні. Бұл күн 1948 жылы «Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік шарттарының орындалуын бақылау органы» деп аталатын бітімгерлік операциясының басталуына сәйкес келеді. Дәл осы күні 2002 жылы ресми түрде БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы құрылды.**



Қазақстан СІМ-де БҰҰ-ның алғашқы бітімгерлік миссиясының құрылғанына 75 жыл толуына орай ҚР Қорғаныс министрлігі өкілдерінің, БҰҰ-ның біздің еліміздегі өкілдігінің және шетелдік дипломатиялық корпустың қатысуымен шара өтті. Онда ұйымның миссиялары аясында отандық бітімгерлердің қызметіне жоғары баға берілді.

Алғашқы бітімгерлік миссияларға 2000 жылы «Қазақстан бітімгерлер батальоны» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы Үкімет қаулысының қабылданған соң қатыса бастады. Сол жылы Қазақстан НАТО-ның «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасы бойынша бітімгерлік қызметін бастады.

2003 жылдың тамызында Иракқа 27 адамнан тұратын «Қазбаттың» алғашқы инженерлік-саперлік жасағы барды. Бес жыл ішінде қазақстандық бітімгерлер 4 миллионнан астам оқ-дәрі мен жарылғыш құрылғыларды залалсыздандырды. Осы уақыт ішінде олар жергілікті халықты ауызсумен қамтамасыз етіп, мұқтаж жандарға медициналық көмек көрсетті.

2014 жылдан бастап БҰҰ-ның Кот-д' Ивуар, Батыс Сахара, Ливан, Орталық Африка Республикасы және Малидегі миссияларына штаб офицерлері мен әскери бақылаушылар ретінде 60-қа жуық қазақстандық әскери қызметші, оның ішінде алты әйел қатысты.

Еліміздің бітімгершілік әлеуетін нығайтудағы маңызды қадам 2018 жылы БҰҰ мандаты негізінде әрекет еткен алғашқы Қазақстандық ротаны Ливанға жіберу болды. Бес жыл ішінде ұлттық бітімгерлік контингентінің жеке құрамы сегіз мәрте ротацияланды.

Қазіргі уақытта Ливанда тоғыз, Батыс Сахарада алты, Малиде және Орталық Африка Республикасында екі қазақстандық әскери қызметші миссиясын өткеруде.

Бітімгерлерді даярлау Қорғаныс министрлігінің Бітімгерлік операциялар орталығының базасында жүзеге асырылады.







## АУМАҚТЫҚ ҚОРҒАНЫС ӘСКЕРЛЕРІ ТАКТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТКІЗУ ҮСТІНДЕ

**«Оңтүстік» және «Батыс» өңірлік қолбасшылықтарынан нұсқаушылардың қатысуымен, сондай-ақ Қызылорда мен Маңғыстау облыстары әкімдері орынбасарларының басшылығымен аумақтық қорғаныс бригадасының басқару органдары және бөлімшелерінің оқу-жаттығуы өткізілуде.**



Бұл жаттығуға қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамындағы әскери міндеттілер жұмылдырылған. Кәсіби әскери нұсқаушылардың жетекшілігімен олар теориялық және практикалық тұрғыда оқытудан өтеді. Әскерде алған мамандығы бойынша машығын нығайтып, қару-жарақ және техникамен жұмыс істеу дағдыларын қайта жетілдіріп, өзектендіреді.

Әскери міндеттілермен атыс сабақтары өткізіліп, жауынгерлік іс-қимыл жүргізудің жаңа тактикалық әдістері мен тәсілдері зерделенуде.

Оқу-әдістемелік сабақтар кезең-кезеңмен өткізіліп жатыр. Бастапқыда жеке, содан кейін бөлімшелер құрамында дайындық өтеді. Іс-шаралар тактикалық және арнайы жаттығумен аяқталады.

Өткізіліп жатқан оқу-жаттығу туралы Маңғыстау облысының аумақтық қорғаныс бригадасына әскери жиынға шақырылған запастағы сержант Нұрбол Жұмабай өз пікірін айтты. Ол 2007 жылы теңіз жаяу әскері бригадасында батальонның атысты қолдау ротасы бөлімшесінің командирі болып қызмет етті.

– Шақыру қағазын алып, белгіленген уақытта Ақтау қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасына келдім. Туыстарым да бұған түсіністікпен қарады. Олар менің запастағы сержант екенімді және қажет болған жағдайда әскерге шақырылатынымды біледі. Жеке құрамды қабылдау пунктінде бізге киім-кешек пен әскери құрал-жабдықтар берілді. Енді бұрын алған дағдыларымды пысықтаймын, – деді әскери міндетті.

Мұндай шаралар маусым-шілде айларында Қарағанды, Түркістан, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында өтпек. Әскери жиын кезінде әскери бөлімге дейін және кері қайту жолындағы жүру уақытымен қоса, әскери міндеттілердің жұмыс орны мен атқаратын лауазымы сақталатынын, республикалық бюджет есебінен орташа жалақы төленетінін айта кету керек.





# ЕЛ АРМИЯСЫ – ЕГЕМЕНДІК КЕПІЛІ

**Әрбір елдің әскери күші өз елінің айбыны болып табылатыны анық. Әскердің күш-қуаты мемлекеттің тұтастығы мен қауіпсіздігіне кепіл бола алады. Яғни, әр елдің Қарулы Күштері қаншалықты мығым болса, сол елдің өсіп-өркендеуі мен дамуы да соншалық қалыпты жағдайға айналатыны рас. Сондықтан да, басқа елдер сияқты Тәуелсіз Қазақстан үшін де әскери күштердің маңызы ерекше.**

Осы ретте жақында ғана ұйымдастырылып өткізілген Бүкіларміялық кеңес отырысында сөз сөйлеген Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев дәл қазіргі уақыттағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әлеуетіне ерекше тоқталған болатын. Алқалы басқосуда мінберге көтерілген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Туған жердің аумақтық тұтастығын сақтау – қастерлі борыш. Батыр бабаларымыз ғасырлар бойы жерінің шетін жауға бастырмай, бізге мирас етті. Осы ұлы мұраны көздің қарашығындай сақтау – басты міндетіміз. Біртұтас әрі қуатты мемлекетті ұрпаққа табыстау – негізгі мақсатымыз. Ел іші тыныш, қоғам тұрақты болса, жасампаз әрі өркениетті мемлекетке айналамыз. Яғни, дамыған ел боламыз десек, ең алдымен, бейбітшілік және тыныштық керек. Қарулы Күштеріміз осы қастерлі құндылықтарды қорғауға тиіс», - деп көкейге түйген ойын алға тартты. Басты мақсатымыз – көпұлтты біртұтас әрі қуатты мемлекетті келешек ұрпаққа табыстау. Халық арасында тыныштық сақталып, қоғамда тұрақтылық бекем болса, дамыған өркениетті мемлекетке айналатынымыз сөзсіз. Егеменді елімізді әлемдегі дамыған елдер қатарынан көргіміз келсе, бізге ең алдымен, бейбітшілік және тыныштық керек. Тәуелсіз Қазақстанның айбынды армиясы осы қастерлі құндылықтарды қорғауы тиіс.



Өткен күндерге көз жүгіртсек, егеменді еліміздің төл әскерін құру қадамы 1991 жылдың күзінде қолға алына бастаған еді. Дәлірек айтқанда, егемен елдің қалыптасуы, оның дербес әскерінің құрылуы да аса күрмеуін шешуді күткен күрделі мәселелер тізбегінде болатын. Шебі сетінеп, керегесі ыдырай бастаған «он бес одақтас республикалар» тоғысқан Кеңестік дәуірдің шаңырағы құлаудың сәл алдында тұрды. Ал, осындай күйреуден кейін бірқатар өңірлерде қақтығыстар да белең ала бастағаны белгілі. Оның ішінде Орталық Азия мемлекеттеріне Ауғанстан Демократиялық Республикасындағы белең алған соғыс анық әскери қауіп тигізетіндей кезге жеткен еді. Биік Кавказ тауларын жағалаған Әзірбайжан мен Армения елдерінің арасында соғыс тұтанса, басқа да алыс аймақтарда қақтығыстардың тұтанып кетуі де мүмкін еді. Дәл осындай кезеңде біздің елдегі мемлекеттік саясаттың әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы алғашқы қадамдарының бірі Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы 25 қазанда шыққан «Қазақ КСР-і Мемлекеттік қорғаныс комитетін құру туралы» Жарлығы болды. Ал содан кейінгі 16 желтоқсанда қол жеткен Мемлекеттік Тәуелсіздік туралы заң қабылданып, онда «Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын күзету мақсатында өз Қарулы Күштерін құруға құқылы» деп айқын көрсетілген. Тәуелсіз Қазақстан өзінің дербес әскерін құруға заңды құқығын 1992 жылғы 7 мамырда ел Президентінің «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығы шығуымен жүзеге асырды. Ақиқатында, егеменді ел армиясы өздігінен дайын күйінде құрылған жоқ. Тәуелсіздік жылдарындағы тынымсыз тер төгудің арқасында еліміздің Қарулы Күштері бүгінгі күнде Орта Азия елдері арасында алдыңғы қатарлардан көрініп келеді.

Бүкіларміялық кеңесте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қарулы Күштердегі жауынгерлік дайындық жүйесін жетілдіруді алға қойды. Мемлекет басшысы ретінде әскери қызметтің беделін және әскери қызметшінің мәртебесін арттыруды тілге тиек етіп, оларды әлеуметтік тұрғыдан қамтылу мәселесіне баса назар аударды. «Ел тыныштығын қорғайтын әрбір жас маман өз қызметін мақтан етуі керек. Әскери қызметте болу үлкен абырой саналуға тиіс. Біз бұған қажетті барлық жағдайды жасаймыз....» - деді Президент.

Қазіргі таңдағы Тәуелсіз Қазақстан армиясы – ел қауіпсіздігінің берік қалқаны, әрі егемендігіміздің мызғымас кепілі болып саналады. Сондықтан да, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарындағы бой түзеген әрбір сарбаз бен сардар осы егеменді еліміздің айбынды армиясының қастерлі тәуелсіздігімізді күзетіп тұрғанын ұдайы есінде ұстауы тиіс, - деп санаймын!

**Тілек КЕНЖЕБЕКОВ**
**Қазақстан Республикасы**
**Қарулы Күштерінің ардагері**

# ВЫСОКАЯ РОЛЬ В УКРЕПЛЕНИИ МИРА И БЕЗОПАСНОСТИ

**В Центре миротворческих операций Минобороны отметили Международный день миротворцев ООН. В этот день в учебном Центре миротворцев «Бітімгер» в Алматинской области встретились военнослужащие и ветераны, выполнявшие миротворческие миссии на таджико-афганской границе, в Ираке и Ливане.**



Мероприятие традиционно началось с исполнения Государственного гимна Республики Казахстан. Его звуки сопровождают миротворцев по всему миру. Участники встречи почтили память воинов, погибших при выполнении миротворческих операций, минутой молчания.

С поздравительным словом выступил заместитель командующего Десантно-штурмовыми войсками полковник Ерлан Алихулов, отметивший высокую роль казахстанских миротворцев в укреплении мира и стабильности.

Начальник Центра миротворческих операций полковник Бауржан Нигметуллин подчеркнул, что за два десятилетия миротворческой деятельности Казахстаном накоплен определенный опыт, в том числе и в составе многонациональных сил.

– Наши миротворцы успешно выполняли миссии под эгидой Организации Объединенных Наций в Ираке, в составе Временных сил ООН в Ливане. Казахстанские военные наблюдатели и сегодня продолжают выполнять задачи в составе миссий, в том числе самых сложных, таких как Западная Сахара, Центральноафриканская Республика и Республика Мали, – добавил он.

Политические лидеры Совета безопасности ООН неоднократно давали высокую оценку вклада Казахстана в стабилизацию ситуации, в обеспечение безопасности и мирного строительства в Ираке.

С 2018 года по сегодняшний день казахстанские миротворцы выполняют миссию в Ливане. За шесть лет произошло семь ротаций из более, чем 500 военнослужащих. Миссия в Ливане имеет огромное значение для укрепления авторитета нашей страны на мировой арене.

В высадке деревьев, состоявшейся в рамках мероприятия, принял участие представитель Организации Объединенных Наций в нашей стране Властимил Самек. К памятной дате было также приурочено открытие музея миротворческой деятельности Казахстана. В нем собраны более двух тысяч экспонатов, включающих армейские отличительные знаки, фотодокументы, кубки, медали и сувениры из разных стран.

Одна из экспозиций музея посвящена капитану Кайрату Кудабаеву, казахстанскому миротворцу, погибшему в Ираке в 2005 году при разминировании местности.



Завершилось торжественное мероприятие плац-концертом, представленным для миротворцев творческим коллективом талдыкорганского соединения Десантно-штурмовых войск.

# АКАДЕМИИ ВОЕННЫХ НАУК КАЗАХСТАНА – ДЕСЯТЬ ЛЕТ

**В Астане прошла научно-практическая конференция «Развитие военной науки Республики Казахстан: проблемы и перспективы», приуроченная к 10-летию образования Академии военных наук РК.**

В форуме ученых приняли участие представители Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований, Национального академии наук при Президенте, Министерства индустрии и инфраструктурного развития, профессорско-преподавательский состав Евразийского национального университета и ветераны Вооруженных Сил.

Открыл конференцию президент Академии военных наук полковник запаса Мухтар Серкпаев. В своем докладе он поднял вопросы, касающиеся возрастных критериев для обучения в магистратуре и докторантуре в военных учебных заведениях. По его мнению, в интересах развития военной науки и укрепления национальной безопасности государства необходимо создание Центра компетенций.

С докладами также выступили вице-президент Национальной академии наук при Президенте Ляззат Ералиева, первый вице-президент Академии военных наук генерал-лейтенант в отставке Булат Джанасаев, начальник Департамента военного образования и науки Минобороны генерал-майор Жумабек Ахметов, начальник Департамента боевого дежурства и ситуационного информирования Пограничной службы КНБ полковник Нагмет Садыков, заместитель начальника по учебной работе Академии гражданской защиты имени Малика Габдуллина полковник Куанышбек Карменов, начальник факультета Национальной гвардии НУО полковник Савердин Имиров, профессор ЕНУ Алтай Алимгазин, профессор Кокшетауского университета имени Абая Мырзахметова полковник в отставке Сатыбалды Дильманов.





РОО «Академия военных наук РК» было создано в 2013 году в целях развития военной науки и преемственности научных школ. Ученые академии выполняют проекты грантового и программно-целевого финансирования Министерства высшего образования и науки, Министерства обороны, Министерства индустрии и инфраструктурного развития, а также в интересах силовых структур.

Объединение издает свой научный журнал «ӘҒА-хабаршысы», в котором публикуются магистранты и докторанты Национального университета обороны, известные ученые Казахстана и стран ближнего зарубежья. В 2020 году в составе академии создан Институт безопасности и специальных образовательных программ. На его базе проводятся курсы по территориальной обороне, мобилизационной подготовке, организации кадровой работы и воинского учета специалистов акиматов, государственных органов и других организаций.

В честь памятной даты участники конференции были награждены нагрудным знаком «10 лет Академии военных наук РК».

# КУРСАНТЫ ОСВАИВАЮТ БПЛА-РАЗВЕДЧИК

**На кафедре «Воздушной навигации и боевого управления авиацией» Военного института Сил воздушной обороны используется комплекс тактического беспилотного летательного аппарата SKYLARK 1-LEX.**



Развитие информационных технологий и изменения в тактике ведения боя актуализировали необходимость подготовки операторов беспилотных систем.

В Военном институте Сил воздушной обороны подготовка специалистов БПЛА для Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований осуществляется с 2015 года. В текущем году в военный вуз поступил БПЛА SKYLARK 1-LEX, предназначенный для ведения разведки.

Высокоэффективный беспилотный летательный аппарат SKYLARK 1-LEX способен обеспечивать маневренные подразделения армии точными и достоверными разведывательными данными в режиме реального времени в дневных и ночных условиях. Всенаправленная антенна действует в пределах 40 километров в течение трех часов.

В настоящее время БПЛА SKYLARK 1-LEX широко используется в подразделениях Сухопутных войск Вооруженных Сил. Их не раз применяли в конкурсе «Соколиная охота» Армейских международных игр.

# ЯРКИЙ ПРАЗДНИК ДЕТСТВА

**Во всех воинских частях и учреждениях Вооруженных Сил состоялись мероприятия, посвященные Международному дню защиты детей. Детский праздник совпал с началом летних школьных каникул.**



В Астане запоминающееся представление провели для шумной разновозрастной аудитории военнослужащие Акмолинского гарнизона. Собравшихся на площади перед зданием Национального военно-патриотического центра Вооруженных Сил приветствовал заместитель министра обороны Дархан Ахмедиев.

– Мои юные друзья, вы – самое дорогое не только для родителей, но и для всей страны. Вы – наше будущее, продолжатели наших славных дел. Именно от вас зависит будущее страны. Желаю вам здоровья и успехов в учебе. Будьте достойными гражданами и патриотами нашей Родины – Республики Казахстан, – обратился он к ребятам.

Дархан Ахмедиев поблагодарил родителей и представителей службы по организации работы с членами семей военнослужащих Вооруженных Сил за внимание, которое они оказывают детям.

Для организации детского досуга и поддержки талантливых ребят в гарнизонах Вооруженных Сил функционируют 60 различных кружков и спортивных секций. В них занимаются около 500 детей военнослужащих. Проводится работа с семьями военнослужащих, где воспитываются дети с особыми образовательными потребностями. Этим семьям помогают в создании благоприятных условий для развития и организации досуга детей.

На мероприятии состоялась торжественная церемония награждения победителей конкурса рисунков для детей военнослужащих «Родина начинается с семьи». Работы ребят были представлены на организованной по этому случаю выставке.

Всего в конкурсе приняло участие более тысячи детей в четырех возрастных категориях. Юные художники представили свои работы по трем темам: «Мы помним подвиги героев», «Казахстан – страна мира», «Мой папа – защитник Отечества». Жюри определило 49 победителей конкурса, которые были награждены дипломами, остальным ребятам были вручены сертификаты участника.



Продолжился праздник развлечениями, увлекательными играми с аниматорами и, конечно же, сладкими угощениями. Своими талантами блеснули воспитанники детской творческой студии «Жас сарбаз».

# ДЕНЬ ОТКРЫТЫХ ДВЕРЕЙ

**В Астане Главный военный клинический госпиталь Минобороны провел День открытых дверей. Ведущая в системе военно-медицинской службы оборонного ведомства клиника приняла более полусотни студентов Высшего медицинского колледжа «Даналық» и Республиканской медицинской академии.**

Будущих медиков встретил врио заместителя начальника госпиталя – начальника медицинской части полковник медицинской службы Руслан Джанзаков. Приведя параллель с театром, он подчеркнул, что «госпиталь начинается с приемного отделения». В лечебном учреждении 29 отделений, причем 15 из них – коечные.

Многопрофильное медицинское лечебное учреждение основано 3 апреля 2000 года. Здесь трудятся более 300 медицинских работников. Есть среди них доктора и кандидаты медицинских наук, отличники здравоохранения, специалисты, награжденные нагрудным знаком «За вклад в развитие здравоохранения Республики Казахстан».

Ежегодно в учреждении стационарное лечение проходят около трех тысяч пациентов с различными заболеваниями, которым оказывается специализированная медицинская помощь от базовых медицинских услуг до сложнейших операций

Пациенты госпиталя – кадеты, курсанты, солдаты срочной службы, офицерский состав, военнослужащие по контракту и члены их семей. На протяжении трех лет госпиталь оказывает платные медицинские услуги в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и обязательного социального медицинского страхования гражданскому населению.

Госпиталь сотрудничает с национальными научными центрами столицы и другими учреждениями здравоохранения. В 2013 году медучреждение стало клинической учебной базой кафедр НАО «Медицинский университет Астана».

Студентам медицинских учебных заведений также подробно рассказали о специфике деятельности военных медицинских работников и ее отличии от гражданской сферы здравоохранения.

Они также получили подробную информацию о содержании социального пакета военнослужащего и перспективах профессионального роста. Военные врачи имеют возможность повысить квалификацию в вузах ближнего и дальнего зарубежья, пройти подготовку в Центре военной медицины Министерства обороны, получить уникальный опыт, участвуя в миротворческих миссиях.

# КОМАНДНО-ШТАБНОЕ УЧЕНИЕ В СЕЙСМООПАСНЫХ РЕГИОНАХ

**Участие в ликвидации последствий чрезвычайной ситуации природного характера – такова тема командно-штабного учения с органами военного управления, состоявшегося по поручению министра обороны.**



Учение прошло в Алматинской, Восточно-Казахстанской, Жамбылской и Туркестанской областях. В них были задействованы оперативные группы профильных департаментов Генерального штаба и управлений Вооруженных Сил, представители Министерства по чрезвычайным ситуациям.

Замысел учения был разработан с учетом опыта турецких Вооруженных сил по оказанию помощи в ликвидации последствий землетрясения.

Органы военного управления уточнили расчеты и алгоритмы действий при возникновении ЧС природного характера, отработали вопросы взаимодействия с территориальными органами МЧС. Было организовано обучение личного состава действиям в зоне ЧС, в том числе по проведению поисково-спасательных работ, разбору завалов и оказанию помощи пострадавшим.

Учение было направлено на совершенствование практических навыков должностных лиц и повышение слаженности органов военного управления при организации и проведении мероприятий по ликвидации чрезвычайной ситуации, вызванной разрушительным землетрясением.

# ЕЛДІК ТАҢБА – ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

**Елдігімізді танытып, нышанымызды айқындаған күннің тарихтан алған өз еншісі бар. Ол күн бәрімізге белгілі. Төртінші маусым күнін бүгінде саналы ұрпақ жақсы біледі. Жыл сайын осы күні Мемлекеттік рәміздеріміз ұлықталып, оның маңыздылығы ерекше аталып өтеді.**
**Иә, 1992 жылдың 4 маусымында Қазақ елінің рәміздері ресми бекітіліп, күллі әлемге өзіміздің азат ел екенімізді паш еттік.**




Рима ӘБЕУОВА

**Байқаудан басталды**

Егемен еліміздің алғашқы қадамдарының бірі өз Туын, Елтаңбасы мен Әнұранын таңдау болды. Осы тұрғыда дайындық жұмыстары мұқият жүргізілді. Алдымен 1992 жылдың басында Жоғарғы Кеңестің төралқасы мемлекеттік символиканы дайындау бойынша жұмыс тобын құру туралы қаулы қабылдады. Осы құжатқа сәйкес арнайы шығармашылық комиссия құрылды. Оның құрамына белгілі заңгерлер мен қоғам қайраткерлері кірді.

Көп кешікпей Елтаңба, Ту және Әнұран жобаларын жасауға конкурс жарияланды. Оған қатысушылар алдына күрделі әрі жауапты міндеттер қойылды. Мемлекеттік рәміздер, әсіресе тарихи, саяси және экономикалық символизмге сәйкес келуі тиіс болды. Ал рәміздер жобаларын жасау конкурсында 600-ден астам адам қатысқан екен. Мемлекеттік ту эскиздері бейнеленген шығармашылық еңбектері бар түскен өтінім 1200-ді құраған.



Сондай-ақ конкурсқа болашақ Елтаңбаның 245 сурет жобасы мен 67 суреттемесі және Әнұранның 750 нұсқасы ұсынылыпты. Және де термин сөздердің қазақ тілінде пайдалануына баса назар аударды. Соның нәтижесінде «елтаңба», «әнұран», «рәміз» сөздері бүгінде кеңінен қолданылып жүр.

Ел рәміздері республиканың жүріп өткен тарихи жолын, қазіргі экономикалық, әлеуметтік және саяси өмірін бейнелейді. Қазақстанның Туы, Елтаңбасы мен Әнұраны бүгінде төрткүл әлемге танымал. Олар халқымызды біріктіріп, өз Отаны үшін мақтаныш сезімге бөлейді, жарқын болашаққа деген берік сенім мен үміт сезімдерін ұялатады.

**Елтаңбаның екі авторы**

Мемлекеттік елтаңба бойынша жасалған 245 жобаның арасынан жеңімпаз атанған авторлар – бірі Өзбекстанға, екіншісі өз елімізге сәулет өнерінің талай тамаша туындыларын тарту еткен тұлғалар.

Атап айтқанда, Жандарбек Мәлібеков – Астанадағы Лев Николаевич Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті сәулет кафедрасының профессоры, Өзбекстан және Қазақстан Сәулетшілер одақтарының мүшесі, Өзбекстанның еңбек сіңірген сәулетшісі, Қазақстанның Құрметті сәулетшісі, «Құрмет» орденінің иегері. Ол 1942 жылы 24 наурызда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының Екпінді ауылында теміржолшылар отбасында дүниеге келген. Ташкент политехникалық институтының сәулет өнері факультетін бітірген. Ташкенттегі бас ғылыми-инженерлік қала құрылысын жобалау институтында қала құрылысы шеберханасының жетекшісі, кейіннен жобалар жөніндегі бас сәулетшісі болып қызмет істеді. Ташкент, Нөкіс, Самарқан, Әндіжан, Наманган, Ферғана қалаларының орталықтарын абаттандыру мен безендіру бойынша өткізілген бәйгелерде жеңімпаз және жүлдегер атанды. Өзбекстан астанасындағы Үкімет қонақ үйі, драма театры, Орталық кітапхана, Төле бидің (Қарлығаш бидің) басына орнатылған мешіт, Қазақстан мен Қырғызстан елшіліктерінің ғимараттары, Самарқандағы облыстық әкімшілік үйі, Әндіжандағы әуежай, Ферғанадағы облыстық пошта, Самарқан, Ангрен, Ферғанадағы бірқатар тұрғын үйлер мен шағынаудандардың сәулет-құрылысын жобалауға қатысқан. 2001 жылы Қазақстанға көшіп келгеннен кейін еліміздің бірнеше қаласының жобалау жұмыстарына және Бас жоспарын жасауға қосалқы автор ретінде үлесін қосқан. Олардың қатарында Астанадағы Қырғызстан елшілігінің ғимараты, «Нұр Астана» мешіті, «Алатау» тұрғын үй кешені, тағы басқа да нысандар бар.

Қазақстан тәуелсіздік алған тұста 1991 жылы Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен Мемлекеттік рәміздерге халықаралық байқау жарияланады.

Жандарбек ағамыз өзінің көптеген жоспарын ысырып қойып, еліміздің Елтаңбасын жасауға кіріседі. 1992 жылдың 27 наурызында байқауға арналған Елтаңба жобасын Жоғарғы Кеңестің бәйге материалдарын қабылдайтын бөлмесіне тапсырады. Тек Мемлекеттік елтаңба үшін түскен жобаның 6-уы іріктеліп алынады. Оның ішінде Ж.Мәлібековтің де жасаған жұмысы бар болатын. 1992 жылы 4 маусымда Жоғарғы Кеңес депутаттары 237 дауыспен Елтаңбаның жобасын қабылдады.

«Бұл сәттегі қуанышымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Менің басшылығыммен жасалған нұсқа қабылданды. Енді көп ұзамай Қазақстан азаматтығын аламын. Осында түбегейлі көшіп келіп қалған өмірімді алаңсыз өз еліме арнаймын деген ой басыма келді», - дейді Елтаңба авторы.

Сөйтіп бәйгеден оза шапқан Ж.Мәлібековтың жұмысы Елбасы назарына ілініп, ағаның есімі тарихқа жазылды.

Ал Елтаңбамыздың екінші авторы Шот-Аман Уәлиханов ақсақалымыздан 2021 жылы қазақ халқы айрылып қалды. 89 жасқа қараған шағында қайтқан Қазақстанның еңбек сіңірген сәулетшісі (1978), Қазақстанның Құрметті сәулетшісі (2003), көрнекті қоғам қайраткері, көптеген ғылыми-танымдық еңбектердің авторы, мемлекеттік және тәуелсіз «Тарлан» сыйлықтарының және «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері көзі тірісінде бүгінгі ұрпақпен жүздесіп, Қазақстан Елтаңбасы қалай жасалғаны және оның идеясына негіз болған дүниелер жайында талай сыр шерткен еді.

«Маған Елтаңбаны жасау туралы ой 1990 жылдың жаз мезгілінде, кеңес дәуірінде келді. Мен өмір туралы, халқымыз туралы көп ойланатынмын. Елтаңбаның бейнесі түсіме кірді: үлкен ақ самұрық құс қанатын қағып, оның қанаттарының ортасынан жарқыраған күн сәулесі көрінді. Менің көзім жұмылып кетті, кейін көзімді ашсам, күннің Шаңыраққа айналғанын көрдім. Түсімде көрген нәрселерді таңертең қағаз бетіне түсірдім.

Бұндай идея мені еліктіріп жіберді. Тарих туралы, қазақ этнографиясы туралы кітаптар оқыдым. Жұмыс процесінде ауқымды және бай тарихи, археологиялық материал жинақталды. Көркем-бейнелі республикамыздың Елтаңбасы дәстүрмен және еліміздің тарихымымен байланысып, оның жаңа кезеңдегі дамуының гуманистік бағыты мен ерекшеліктерін сипаттауы керек болды.

Бір сөзбен айтқанда, өткеніміздегі ұлттық символикамыздың бай әсемдігі Елтаңбамызбен ұзақ әрі көп еңбекті талап ететін жұмыс істеу барысында негізге алынды. Кез келген төл туынды, соның ішінде Қазақстан Елтаңбасы да үш құрамдас бөліктен тұрады: негізгі идеялық ойдан, композициядан, мәнерлі құралдан. Елтаңбаны жасау барысында осы параметрлерді толықтай ұстандым», - депті марқұм әңгімесінде.

**Түске енген Көк Байрақ**

Көк байрақ – қазақтың тәуелсіздігінің символы, еркіндігінің көрінісі. Ол мемлекеттік рәміз ретінде 1992 жылы қабылданды. Авторы – Шәкен Ниязбеков. Қылқалам шеберінің қолынан шыққан байрағымызды президенттер сүйіп, ант береді, тағзым етіп бас иеді. Спортшыларымыз төрткүл дүниені мойындатқан сәтте жалауымыз желбірейді. Даңқты суретші Шәкен Ниязбеков көзі тірі болғанда 85 жасқа толар еді.



Шәкен Ниязбеков 1938 жылы 12 қазанда көне Тараз жерінде дүниеге келген. Оның арғы атасы дана Төле би, ал Кеңес одағының батыры Бауыржан Момышұлы нағашысы болып келеді. Он жасқа келгенде ата-анасынан айрылып жетім қалады. Орта мектепті бітіргеннен кейін, Шәкен Ниязбеков сол тұстағы атақты оқу орны болған Ленинград қаласындағы В.И.Мухин атындағы жоғарғы көркем-өнеркәсіптік училищеге оқуға түседі. Білім ала жүріп студент Шәкен Эрмитаж, Исаак соборы және Петродворецті қалпына келтіру жұмыстарына қатысады. Ресейде оқып, тәжірибесін сол елде жетілдіргенмен, Шәкен Ниязбеков суретшілік жолында өзінің негізгі ұстазы деп Әбілхан Қастеевті атаған.

Сегіз қырлы, бір сырлы талант иесі кезінде Бауыржан Момышұлынан бата алған екен.

«1956 жылы он жылдықты бітіргеннен кейін Жамбылдан Ленинградқа оқуға аттанғалы тұрғанда теміржол вокзалынан Баукеңді кездестіріп қалдым. Ол кісінің атағының дүрілдеп тұрған кезі. Менен жөн сұрағаннан кейін «Алған бетіңнен қайтпа. Алдыңа қойған мақсатыңа, арманыңа жет» деп батасын бергендей болды. Сосын «қажетіңе жаратарсың» деп қолыма 200 сом ұстатты. Ол уақытта 200 сом үлкен ақша еді. Осы оқиға есімнен шыққан жоқ, жадымнан ұмытылған емес. Баукеңе қойған менің ескерткішім ол кісінің маған берген батасының ширегінің өтеуі ғана сияқты», - дейді өз естелігінде суретші.

«Баталы ер арымас» деген, Шәкен 1961 жыл Чехословакияда «Глобус» теледидарының дизайны үшін алтын медаль иеленді. Бұдан бөлек ол «Волга» жеңіл автокөлігін құрастырған инженерлердің бірі болды. Даңқты суретші Қазақстан мен шетелде 50-ден аса жарыстарға қатысып, талай мәрте жеңімпаз атанды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылы еліміздің мемлекеттік рәміздерінің бірі туды анықтауға арналған байқау өтіп, оған Қазақстан, ТМД елдерінен, Түркия, Германия, Монғолиядан 1200-ге жуық суретші қатысады. Байқауда Шәкен Ниязбеков ұсынған нұсқа үздік деп танылады.

«Байқаудың соңғы күндері көз ілмедім десе де болады. Қабылдауға баратын күні біздерді сағат сегіздерге шақырған. Ал мен неше күндік ұйқысыздықтан абдырап қалсам керек, ұйықтап қалыппын. Бірақ бардым. Соңғы талқылауға бес-алты ту ғана қатысты. Менің туымды көрген марқұм Өмірбек Жолдасбеков: «Біз іздеп таба алмай отырған ту осы емес пе?» дегенде, жұрт қолдай кетіп ду қол шапалақтауынан менің төбем көкке шамалы жетпей қалды емес пе?! Сонымен не керек, ту мәселесі соңғы кеңесте қаралатын болды. Мен де оған дейін туыма өзгерістер енгіздім. Тудағы оюдың түсі алғашында қызыл түсті болатын. Кейін оны күн мен қырандай алтын түстіге ауыстырдым. Және күн мен қыран тудың шет жағында еді, оны Президенттің ұсынысымен ортасына қарай жылжыттым. Ту соңғы кеңестен де сүрінбей өтіп, мен Мемлекеттік тудың авторы болып шыға келдім» деген екен сол бір кез жайында ту авторы.



Сол жылы 4 маусымда егемен Қазақстанның Елтаңбасы, Туы мен Әнұраны бекітіледі. Шәкен Ниязбековке Тудың авторы ретінде Биік Мәртебелі куәлік беріледі. Осы арада айта кетейік, Бауыржан Момышұлының зиратына қойылған құлпытас пен Алматы қаласының ентаңбасы да Шәкен Ниязбековтың қолынан шыққан.

Дара тұлға 2014 жылы 16 тамызда 76 жасқа қараған шағында өмірден өтті. Шәкен Оңласынұлының есімі мәңгі халық жадында.

**Рухымызды биіктетер Әнұран**

Ал 1992 жылы жарияланған еліміздің Ә нұранының мәтіні мен әніне конкурсқа 750 жоба түскен екен. Олардың арасынан байқаудың жеңімпазы деп Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дәрібаеваның бірлесіп жазған туындысы Қазақстан Республикасының Әнұранының мәтіні деп таңдап алынды.

Алайда, алғашқы (бұрынғы гимн әуен сақталған, авторлар: Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамиди) Әнұран 1992 жылы Заңмен бекітілгенімен, ол ән бүкіл қазақтың рухын серпілтіп, рухани болмысын қанағаттандыра алмады. Содан болар, 2006 жылы халықтың өтініш-талабы ескеріліп, 7 қаңтарда Қазақстан Парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Мемлекеттік нышандар туралы» Жарлыққа түзетулер енгізілді.

Жалпы 1992 жылы қабылданған алғашқы Мемлекеттік әнұран өз міндетін толық атқарды. Әнұран 14 жылдай жер шарлап, дүниежүзі елдерінің ең құрметті де мәртебелі төрінде орындалды, қазақ деген халықтың үнін бейтаныс жерлерге жеткізді. Олимпиада және басқа да ірі спорт сайыстарында сайыпқыран спортшыларымызды марапаттауда орындалды. Ол мемлекетіміздің қалыптасуы кезеңіндегі тарих беттеріне алтын әріптермен жазылды. Бұл мемлекеттік шығарманың толық мәтіні мен музыкасы халқымыздың мәдени мұрасының алтын қорына айналды.

Кейіннен Мемлекет басшысының арнайы Жарлығымен 2006 жылдың 7 қаңтарынан ресми айналымға Әнұран ретінде Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні енген еді. Бұл әнді автор 1959 жылы үлкен тебіреніс үстінде жазыпты. Жүрегі нәзік композитордың әнді шығаруына кеңестік үкіметтің солақай саясаты себепкер болды.

Расымен де, өткен ғасырдың елуінші жылдарының ортасында Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру жұмыстары жүрді. Жұмыс күші керек болып сол кездегі КСРО республикаларынан қоныс аударушылар қарқыны толастамады. Тың және тыңайған жерлерді игеру саясатын жоққа шығаруға болмас. Бұл жерде айтпағымыз, осы саясат арқылы қазақ жерін бөлініске салу, республиканың тұтастығына сызат түсіру секілді мақсаттар жатқан болатын. Кеңес үкіметінің басындағылар Қазақстанның тың даласын, яғни солтүстік облыстарды Ресей тарапына қосу пиғылын жасырын жүргізді.

Мұндай жымысқы саясатты түсінген қазақ халқының патриоттары ата-баба жерін сақтап қалуға талпынды. Шәмшінің «Менің Қазақстаным!» әні де, міне, осы қарау саясатқа қарсылық ретінде жазылған болатын.

Осы ән арқылы халықтың рухы көтерілді, еңсесі тіктелді. Басқасы басқа, ұлы композитордың өзі бұл турасында: «Ол тұс Ақмоланы «Целиноград» атап, сол жақтағы бес облысты бір өлке етіп, оны Ресей жаққа бермекші болып жүрген кез еді. Осының алдында ғана Оңтүстік Қазақстанның нағыз қазақи үш ауданы Өзбекстанға берілген болатын. Қазақ жері осылайша бөлшектелгелі жатқанда, оның асқақтығын жырлайтын Әнұран қажеттігін сездім. «Менің Қазақстаным» солай туды.

Өлеңін Жұмекен Нәжімеденов жазды. Әнді радиоға Жамал Омарова жаздырды да, ол ән біздің өтінішіміз бойынша күніне бірнеше рет беріліп тұрды. Бұл менің қасиетті қазақ жерін бөлшектеуге білдірген қарсылығым еді» деп айтқан екен.

Шынымен, бұл ән орындалғанда, Әнұран болмай тұрғанның өзінде, көкіректе ұлтқа, елге деген бір ерекше сезім ояныл, патриоттық күйге бөленіп, орнымыздан тұрып кеткенімізді білмей қалатынымыз құпия емес. Бойыңа еріксіз күш, рух беретін де осы саз. Мәселен, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында жастар алаңға осы әнді ұран етіп айтып, қасқайып тұрды.

Арада ширек ғасыр өткесін, осындай, бір кездері ресми билікке қарсы шығарылған ән бүгінде тәуелсіз еліміздің Әнұранына айналды. Ән құдіреті деген осы болар!

Айта кетейік, бұл әнге сөзді Жұмекен Нәжімеденов 21 жасында жазған. Жұмекен Нәжімеденовтің жұбайы Нәсіп Мұстақызының айтуынша, 1956 жылы Алматыда, белгілі шаңқобызшы Гүлсара Піржанованың үйінде өлең дүниеге келіпті.

Екі тума таланттың бұл туындысы Әнұранға айналар тұста уақыт талабына сай кейіннен өзгеріп, редакцияланды. Және 2006 жылдың 11 қаңтарында «Менің Қазақстаным» әні елдің Мемлекеттік әнұраны сипатында алғаш рет «Ақорда» резиденциясында Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Президенті лауазымына салтанатты түрде кірісу сәтінде орындалды.

**P.S. Халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін айрықша құндылықтар – ұлттық рәміздеріміз.**

**Бүгінде Елтаңбамыз елдігімізді білдіріп, көк байрағымыз көгімізде желбіреп тұр. Асқақ Әнұранымыз әрдайым да әлем алдында асқақ шырқалып келеді. Осынау құндылықтарымыздың мерейін үстем етер мереке күні де белгіленген. Сол күні мемлекеттік рәміздерге ерекше құрмет көрсетіледі. Өйткені қазақ елінің болмыс-бітімінің бейнесі, арман-мақсатымыздың айғағы, тәуелсіздігіміздің белгісі қашанда әспеттелуі тиіс. Сондықтан Туымыз көгімізде, Елтаңбамыз төрімізде, ал, Әнұранымыз көкірегімізде мықтап орнықсын! Асқақтай бер, Қазақстан!**

В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

# ПОМНИТЬ О ЖЕРТВАХ РЕПРЕССИЙ

**31 мая – день памяти одной из самых трагических страниц истории Казахстана – массовых политических репрессиях и ужасающего голода, повлекшего гибель миллионов человек. В память о многочисленных жертвах в нашей стране проводится множество мероприятий, открываются выставки в музеях, возлагаются цветы к мемориалам, публикуются новые данные. Делается это не только из уважения к памяти жертв репрессий и голода, но и для того, чтобы те страшные дни никогда не повторились снова.**

Жесткая политика государства в то время приводила к значительным жертвам среди населения. Репрессии затронули миллионы советских граждан.

В ранние годы советской власти аграрная, кочевая страна претерпевала значительные трансформации. Массовая индустриализация и рост городов приводили к истощению материальных ресурсов крестьян. Лидер Компартии Казахстана Филипп Голощекин в 1927 году объявил курс «Малого октября». Это означало коллективизацию и перевод казахов-кочевников на оседлый образ жизни. В результате перегибов и изъятия скота у населения, в период массового голода 1932-1933 годов в Казахстане погибло более полутора миллионов человек. Более 600 тысяч казахов покинули пределы страны. Политика властей вызвала вооруженные выступления, которые были подавлены. Интеллигенция критиковала партийных деятелей за ошибки и перегибы. Советская власть учла факт участия многих деятелей в движении «Алаш-Орда», которое выступало за национальную независимость, в годы гражданской войны. В 1928 году были арестованы 44 «буржуазных националиста», среди которых Ахмет Байтурсынов, Мыржакып Дулатов, Магжан Жумабаев, Жусупбек Аймаутов, Халел Габбасов и другие. В сентябре 1930 года арестовали Мухамеджана Тынышпаева, Халела Досмухамедова, Жакыпа Акбаева и других лиц. Часть из них были сосланы на территорию России в Центрально-Черноземную область. Почти всех репрессировали в 1937-1938 годах.

Среди жертв репрессий также Турар Рыскулов, Ныгмет Нурмаков, Султанбек Ходжанов, Узакбай Кулумбетов, Ураз Джандосов, Абильхаир Досов, Смагул Садвакасов, Темирбек Жургенов, Алихан Букейханов, Сакен Сейфуллин, Ильяс Джансугуров, Беимбет Майлин, Кудайберген Жубанов, Санджар Асфендияров. Именами этих деятелей в современном Казахстане названы улицы и государственные учреждения. Их труды изучают школьники и студенты и исследуют ученые. В их честь в стране установлены мемориалы и памятники.

По данным историков, всего в 1937-1938 годы в советском Казахстане были осуждены 118 тысяч человек. Из них 25 тысяч были расстреляны. Среди осужденных были лидеры национальной оппозиции страны, которые выступали против советской политики. По мнению специалистов, в истории того времени осталось еще много «белых пятен». В советское время на территории Казахстана действовал крупный исправительно-трудовой лагерь Карлаг. Его заключенные были заняты в сельскохозяйственном и

**В период с 1918 по 1933 годы в Казахстане, по разным данным, погибли более трех миллионов человек, в том числе с 1931 по 1933 годы погибли около 1 миллиона 700 тысяч людей. Жертвами репрессий 1937-1938 годов стали свыше 100 тысяч казахстанцев.**



индустриальном производстве. За время его работы, в Карлаге побывало более миллиона человек.

В республике находился и уникальный по своему назначению АЛЖИР - Акмолинский лагерь жен изменников родины, контингент которого составляли жены осужденных за политические преступления. На эти годы пришлись и массовые депортации целых народов в Казахстан. Осенью 1937 года сотни тысяч корейцев, турок, иранцев, курдов и азербайджанцев были переселены в республику. Также в годы Великой Отечественной войны в страну депортировали немцев, греков, чеченцев, ингушей, карачаевцев, балкарцев, крымских татар и другие народы. Их численность оценивают в миллион 200 тысяч человек.

Участники демонстраций, проходивших в СССР в декабре 1986 года, в независимом Казахстане также приравнены к жертвам политических репрессий. Поводом для начала событий стало снятие с должности первого секретаря ЦК Казахской ССР Динмухамеда Кунаева и назначение на его место Геннадия Колбина. В стране прошли массовые акции протеста, которые были подавлены. В итоге, число задержанных превысило 8,5 тысячи человек. Эти события положили начало демократизации политической жизни страны. Всего через пять лет независимый Казахстан объявил о государственном суверенитете. В 1993 году в Казахстане принят закон «О реабилитации жертв массовых политических репрессий». Цель его принятия - восстановление справедливости и возмещение понесенного пострадавшими ущерба.

В столице Казахстана в 2012 году в День памяти жертв политических репрессий открыли памятник. Монументальная скульптура увековечивает страдания народа в тяжелые годы. Комплекс представляет собой «Стену скорби» в форме части юрты «Кереге» и скульптурную группу, состоящую из фигур женщины и ребенка. Автором архитектурной концепции «Стена скорби» стал Орал Алибаев, а концепцию монумента

**За годы репрессий в созданные на территории нашей страны лагеря было сослано свыше 5 млн человек. Более 600 тысяч казахов, спасаясь от голода и репрессий, откочевали за пределы исторической Родины.**

разработал скульптор Валерий Пирожков.

«Коллективизация оказалась жестоким экспериментом, она разрушила вековой уклад жизни аула, были подорваны тысячелетние устои кочевой цивилизации на нашей земле. Все это привело к страданиям миллионов людей. Голод и его ужасные последствия стали крупной гуманитарной катастрофой советского периода», - сказал Первый Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев на открытии памятника.

В Акмолинской области сейчас действует мемориальный комплекс, посетители которого могут ознакомиться с историями тысяч погибших узниц лагеря.

В 2017 году в Алматы также открыли памятник жертвам голода в Казахстане в 1931-1933 годах. Композиция изображает женщину, держащую на руках обессилевшего ребенка. Памятник установлен в сквере Карагайлы на пересечении улиц Кабанбай батыра и Наурызбай батыра. Трехметровая скульптура выполнена из бронзы и гранита.

Голод 1932–1933 годов разорил Казахстан, привел к невиданным жертвам и невосполнимым потерям. И вспоминая те годы, каждый житель Казахстана должен представлять себе масштабы этой трагедии и ее последствия для истории своей страны.

# ВКЛАД В УСТАНОВЛЕНИЕ МИРА

**29 мая – особая дата для Организации Объединенных Наций. В Международный день миротворца ООН человечество отдает дань военнослужащим за их бесценный вклад в установление мира.**

Нариман ДЮСЕНОВ

История миротворческой деятельности в Казахстане берет свое начало с создания батальона «Казбат», сформированного по указу первого Президента страны Н. А. Назарбаева. В 2003 году инженерно-саперное подразделение батальона было направлено в Ирак для участия в миротворческой деятельности в составе стабилизационных сил. В ходе участия казахстанских миротворческих сил было произведено 9 ротаций. Основными задачами миротворцев стали поиск и уничтожение неразорвавшихся боеприпасов, оборудование пунктов полевого водоснабжения, очистка воды и оказание медицинской помощи.

Сегодня казахстанские военнослужащие продолжают участвовать в миротворческих миссиях. Начиная с октября 2018 года казахстанские миротворцы принимают миссии ООН в Ливане. В рамках очередной ротации в Алматы состоялась торжественная встреча казахстанских военнослужащих, выполнявших миротворческую миссию в этой стране в составе миротворческого контингента Вооруженных Сил Индии.

В рамках мандата ООН казахстанские миротворцы на протяжении полугода обеспечивали пешее и мобильное патрулирование, занимались организацией работы блокпостов. Кроме того, совместно с индийским контингентом наши соотечественники выполняли другие функции, которых насчитывалось около пятидесяти.



Перед своей командировкой казахстанские миротворцы проходят долгую подготовку. К примеру, командир миротворческой группы старший лейтенант Темирлан Кумисбеков готовился к своей первой миротворческой миссии в течение четырех лет, наблюдая за работой наших миротворцев в Ливане с 2018 года.

Изъявив желание принимать участие в миротворческой миссии, Темирлан приступил к подготовке. На первоначальном этапе командный состав миротворческой миссии занимался изучением английского языка. По итогам пятимесячного языкового курса миротворцы приступают к изучению курса миротворческой подготовки, включающего, к примеру, порядок применения оружия.

На последнем этапе производится отбор личного состава, выезжающего для участия в миссии. В процессе отбора важнейшим критерием для командного состава является знание английского языка. Безусловно, весь личный состав должен обладать хорошей физической и психологической подготовкой, а также владеть знаниями миротворческой подготовки.

Важно отметить, что вся предстоящая работа, такая как патрулирование местности, организация работы блокпостов и наблюдательных пунктов, отрабатывается казахстанскими миротворцами на базе Центра миротворческой подготовки Министерства обороны Казахстана в г. Алматы.

По завершении годичной подготовки 19 октября в рамках очередной ротации в Ливан прибыла очередная группа казахстанских миротворцев под командованием Темирлана Кумисбекова, вместе с которым в составе миссии прибыло пять сержантов. На адаптацию военнослужащим была отведена одна неделя, в ходе которой они привыкали к жаркому ливанскому климату. Казахстанские миротворцы дислоцировались в секторе «Восток» миссии ООН в Ливане.

- Данный сектор расположен в восточной части страны, где ведут работу миротворческие миссии 12 государств, в числе которых Испания, Индия, Индонезия, Китай и пр. Миротворцы из Казахстана



находились в подчинении индийского контингента, выполняя совместные задачи. В секторе «Восток» люди с благодарностью принимали миротворческие силы, понимая, что они пришли к ним помогать, – отмечает командир группы миротворцев Темирлан Кумисбеков.

Основными языками Ливанской Республики считаются арабский и французский. Темирлан Кумисбеков отмечает, что наиболее сложным направлением работы было патрулирование, так как жители, в особенности в сельской местности, не владеют английским языком на должном уровне.

Патрулировать казахстанские миротворцы выходили в составе индийских подразделений, работавших по обозначенному маршруту. Главной целью патрулирующих миротворцев было обозначить наличие миротворческого контингента в секторе «Восток», что должно было обеспечить порядок в регионе. Кроме того, в ходе патрулирования миротворцы решают разнообразные проблемы, а также всячески оказывают помощь местному населению. Для собственного обозначения миротворцы носили голубые головные уборы со знаком «UN» (ООН).



- В ходе нашей миссии удалось увидеть Ближний Восток и нищету, в которой живут люди. Видели голодных детей, выбегающих на дорогу и просящих еду. Все это объясняется экономическими и социальными факторами. Увидев это, начинаешь больше ценить мир на нашей земле и своих близких, – рассказывает Темирлан Кумисбеков.

Завершив полугодичную командировку, казахстанские миротворцы получили высокую оценку от командующего восточным сектором за добросовестное выполнение поставленных задач, а также за высокую боевую подготовку. К тому же они завели много новых друзей, в особенности среди индийских коллег.

Миротворец признается, что находясь в составе миротворческого контингента и осуществляя постоянное наблюдение за порядком, все скучали по родной земле, дому и домашней еде, но несмотря на это,



каждый понимал ответственность, возложенную на него государством.

На смену прибывшим казахстанским миротворцам свою работу в Ливане уже начала другая группа наших соотечественников (6 человек). Те же, кто вернулся домой, проходят санаторно-курортное лечение в одном из лучших санаториев Казахстана, после чего продолжат службу в местах постоянной дислокации.

# ПРИОРИТЕТЫ ДЛЯ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

**В целях расширения кругозора и развития творческих способностей на территории военного городка столичной воинской части 68665 активно функционируют различные бесплатные кружки для детей военнослужащих и служащих Вооруженных Сил РК.**

Для развития творческого потенциала у детей и подростков от 4 до 18 лет кружки работают по следующим направлениям: творческий «Радуга», музыкальный инструментальный «Домбра», интеллектуальный «Шахматы и шашки».



Детей здесь учат петь, выразительно читать стихи, мастерить поделки, играть на музыкальных инструментах. Подобные занятия прививают не только любовь к народному инструменту, но и развивают память, воображение, мышление ребят. Всего кружки посещают около 50 детей.

Как отмечают руководители занятий, дети с большим удовольствием посещают кружки.

- Сегодня дополнительные занятия являются важной составляющей учебного процесса, они призваны способствовать повышению уровня знаний, творческого потенциала, укреплению духовно-нравственных ценностей у детей и подростков. Мы помогаем им понять и сделать правильный выбор в будущей профессии, - отметила руководитель службы по организации работы с членами семей военнослужащих воинской части 68665 Дана Таженова.

# ТОЛЬКО ДОСТОЙНЫЕ

**В Карагандинском гарнизоне идет отбор студентов для прохождения подготовки на военной кафедре Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова с учетом результатов медицинской комиссии, психологического отбора, физической составляющей и среднего балла успеваемости.**

Фархат КИНЖИТАЕВ

Отбор осуществляется в соответствии с приказом министра обороны РК «Об утверждении Правил военной подготовки по программе офицеров и сержантов запаса». По словам заместителя заведующего военной кафедрой Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова по воспитательной и идеологической работе подполковника запаса Алмаса Нугманова, процедура проходит в четыре этапа.

- Военная кафедра Карагандинского технического университета создана на базе Карагандинского горного





института в 1953 году в целях подготовки офицеров запаса из числа студентов. За 70 лет существования через нее прошли более 22 тысяч офицеров и сержантов запаса, многие из которых и по сей день достойно несут службу в Вооруженных Силах РК и других силовых ведомствах. В настоящий момент курсанты обучаются на двух циклах - «Боевое применение артиллерии», «Боевое применение танковых подразделений» и «Боевое применение специальных войск», - рассказал он.

В этом году набор студентов на военную кафедру будет осуществляться для подготовки офицеров по восьми и сержантов по шести специальностям.

# ӘСКЕР ТЫНЫСЫ

## ӘСКЕРИ АНТ ҚАБЫЛДАНДЫ

АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ

Алуа ИСКАКОВА
«САРБАЗ»

**«Шығыс» өңірлік қолбасшылығының Үшарал, Аягөз, Жаңғызтөбе Өскемен және Абай гарнизондарында 1 мыңнан астам сарбаз Отанын адал қорғауға серт берді.**

Қарулы Күштерде белгіленген мерзімді қызметтерін өткеру үшін қолбасшылықтың әскери бөлімдеріне еліміздің 8 облысынан шақырылған жауынгерлер ант қабылдады. Абай гарнизонында болған салтанатты шарада «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы генерал-майор Қуанышбек Уштаев әр сарбаздың қолын алып құттықтады. «Бүгін міне әскери ант беріп, толыққанды Отан қорғаушы атандың. Қазақстанның Қарулы Күштерінің жауынгері деген құрметті атақ пен абыройға шын мәнісінде лайық бол!» деген тілегін де білдірді.





Салтанатты рәсімге еліміздің түкпір-түкпірінен жеткен ата-аналар балаларының бір айдың көлемінде әскери өмірге бейімделіп, әскери сәлемдесу мен сап түзеуге машықтанғанына қуанды. Кейбір аналар сезімдеріне ерік беріп, көздеріне жас алды. Жас жауынгерлер орындаған «Шығысым» әні, әскери оркестрдің концерттік дефилесі мен саптық шеру шараның ажарын ашты. Соңында сарбаздардың ет-жақындары әскери бөлім командирлерімен бетпе-бет жүздесіп, сауалдарына жауап алды.

## АЛҒАШ РЕТ АТЫС ҚАРУЫНАН АТТЫ

**Аягөз гарнизонындағы артиллериялық және танк әскери бөлімдерінің 300-ге жуық сарбазы «Майлин» оқу-жаттығу полигонында бірінші рет атыс қаруынан оқ ату жаттығуларын орындады.**

Жас жауынгерлер атыс қаруынан бастапқы жаттығуды орындау алдында ұрыс қаруының құрылымын, шынайы жауынгерлік ұрыстағы мүмкіндіктерін, ерекшелігін әрі қауіпсіздік шараларын теория жүзінде игерген еді. Оқу-жаттығу полигонындағы оқ ату жаттығуларының алдында тағы бір мәрте қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулық жүргізілді. Командирлер ату және дұрыс көздеуге қатысты бірқатар нұсқамалар да берді.





«Біз бүгін алғаш рет атыс қаруынан бастапқы жаттығуды жүзеге асырдық. Көрсеткішім жақсы. Менің ойымша, бұл жетістік – командирлеріміз үйреткен әдіс-тәсілдерді қолданудың нәтижесі», - деді артиллериялық әскери бөлімнің қатардағы жауынгері Әлібек Асылжан.

Алғашқы ату-жаттығу қорытындысында әскери бөлімге жаңа келген сарбаздардың бірнешеуі оқты нысанаға дәл тигізіп, жоғары ұпай жинақтады. Олар бірнеше күннен соң әскери ант қабылдайды.

## ДАЛАЛЫҚ ОҚУ ЖИЫНДАРЫ

**ҚР Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі бұйрығымен бекітілген бастапқы әскери дайындық қағидаларына, «2022-2023 оқу жылында әскерге шақыру жасына дейінгі және әскерге шақырылатын жастардың бастапқы әскери даярлығы туралы» әкімдік қаулысына сәйкес Семей қаласындағы мектептердің оқушыларымен далалық оқу жиындары өтті.**

Ол орта мектептерді қамқорлығына алған әскери бөлімдердің базасында ұйымдастырылды. Мысалы, Шәкәрім атындағы көпбейінді гимназия оқушылары



44793 әскери бөлімінің «Атлетизм, табандылық, батылдық» алаңында күштерін сынаса, Төлеубай Аманов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп пен №49 орта мектеп балалары оқу процесі барысында жинақталған теориялық білімдерін 44736 әскери бөлімінің дене шынықтыру алаңында іс жүзінде бекітті. Қыздар гарнизондағы әскери госпитальдің әскери қызметкерлер мен олардың отбасыларына дәрігерлік жәрдем беру, Қарулы Күштер зейнеткерлеріне мамандандырылған медициналық көмек көрсету, жалпы емдік-сауықтырудағы қызметімен танысты.

Дәл осындай мектеп оқушыларының бес күндік далалық оқу жиыны Аягөз гарнизонындағы 10810 және 97616 әскери бөлімінде де болды. Аудандық білім бөліміне қарасты мектептердің 500-ге жуық оқушысы төтенше жағдайлар бөлімін аралады. Өрт сөндірушілердің күнделікті тыныс-тіршілігін біліп, арнайы техникаларын көрді. Оқушы қыздар аудандық ауруханада «Алғашқы көмек көрсету» бойынша практикалық сабақтарға қатысты.

## ОТАНДЫ ҚОРҒАУ – БАРШАҒА МІНДЕТ

**Қазақстан Қарулы Күштерінің қатары тағы да толыға түсті. Қарағанды гарнизоны, «Астана» өңірлік қолбасшылығына қарасты 31775 әскери бөлімінде жас сарбаздар салтанатты түрде Әскери ант қабылдады.**

Қазақ халқы ежелден Отан үшін төккен тердің бағасын бағамдай білген. Оның ішінде, қастерлі Отан-Ананы қорғау ең асқақ парыз, абыройлы міндет екенін жас сарбаздар да жақсы біледі. Ант қабылдау – Отанға, халқыңа адал болу, ел басына күн туса, оны ақтық демің қалғанша қорғау, қажет болса, жан қию деген сөз. Айбынды армия, әлеуеті мықты ел әскерінің бүгінгі іс-шарасы 31775 әскери бөлімінде өтті. Әскер – тәуелсіздіктің тірегі. Механикаландырылған бригада бөлімінде Павлодар мен Алматы, Қостанай қалаларынан келген 216 сарбаз Әскери ант қабылдады. Енді олар еліміздің Қарулы Күштерінің сапын толықтырмақ. Аз уақытта әскери тәртіпке үйреніп қалған олар Отан алдындағы борышын адал орындауға серт берді.

«Бүгін біз үшін өте қуанышты күн. Әскери бөлім бір ай ішінде бізге ұнады, барлық жағдай жасалған, келген күннен бастап командирлер білмегенімізді үйретіп, көмек көрсетуде. Екі жүзден астам сарбаз арасында



14 ұлт өкілі бар, татулығымыз жарасқан. Отанға деген борышымды адал атқаруға барымды саламын», – деді қатардағы жауынгер Рахат Сабырхан.

## ӘСКЕРИЛЕР ОРМАНДЫ ТІЛСІЗ ЖАУДАН ОҚШАУЛАДЫ

**Ресейдің Алтай өлкесіндегі Новенькое селосының маңында жанған құрғақ шөптен «Семей орманы» табиғи резерватына ойысқан өртті «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының әскерилері де күні-түні жүріп сөндірді.**



Ресеймен шекаралас Абай облысының Бородулиха ауданындағы Ауыл станциясының аумағындағы «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватының мемлекеттік орман қорын өрттен аман қалып қалу үшін бірнеше тәулік күш салды. Түндегі тынымсыз әрекет тілсіз жаудың бетін қайтарғанымен, таң ата желдің ұйытқуынан тұтанған шоқтарды қайта өшіруге тура келді. «Өрт сөндіруге келген арнайы мамандарды да үдей түскен жел екпіні сары уайымға салдырды. Сондықтан әскерилер шоқтанған жерлер қайта тұтанып кетпес үшін барын салды», - деді 28738 әскери бөлімінің взвод сержанты және дене дайындығының нұсқаушысы аға сержант Ұлан Асхатұлы. Ал, осы өңірде туып-өскен 30217 әскери бөлімі танк батальонының взвод сержанты аға сержант Жанарбек Әубәкіровтің пікірінше, жасыл байлығымыз ну орманға құрмет таныту – әрбір жауынгердің бойында сақталған құндылық. Қызыл кітапқа енген қаншама тіршілік иесінің мекеніне айлаған нулы өлкенің тағдыры үшін жауынгерлер жан алысып, жан берісуге дайын.

Ауыл халқы әскерилерге ас-ауқаттарын әзірлеп, барлық жағдайын жасады. Табиғи резерватта тер төккен жеке құрамға аудан тұрғындары зор алғысын білдірді. Ормандағы өртті сөндіруге «Шығыс» өңірлік қолбасшылығынан 200-ден астам әскери қызметші, 20-дан астам әскери техника жұмылдырылды. Аумағы 1100 гектар қызыл жалынды өшіруге 357 мәрте 892,5 тонна су жұмсалды. Бүгінгі күні жергілікті жерге тұрақты аэровизуалды тексеру одан әрі жалғасуда.

Айта кетейік, еліміздің орманды жері 27 мың гектарды алып жатса, оның 70 проценттен астамы Шығыс Қазақстанда шоғырланған. Өңірдің қылқанжапырақты ормандары ағаш қоры мен көлемі жағынан бірінші орында тұр. Сол себептен де «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты облыстағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамында.

## ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ ТУРАЛЫ БІЛДІ

**Абай гарнизонына қарасты 44736 әскери бөлімінің мерзімді қызметтегі әскери қызметшілері Түйемойнақ аралындағы «Өлімнен де күшті» монументін көріп, ядролық сынақ полигонындағы жарылыстардан зардап шеккендерге тағзым етті.**

Семей сынақ ядролық полигонының жабылғанына 10 жыл толуына орай 2001 жылы 29 тамызда бой көтерген монументке сарбаздар алғаш рет келді. Биіктігі 25 метр, ені 10 метр, қалыңдығы 2 метр құлыптас тәрізді ескерткіш алдында 1989 жылы қазақ жерінде ядролық қаруды сынақтан өткізуге соңғы нүкте қойылғаны еске салынды. Бейбіт елді жаппай қырғынға ұшыратқан геноцид тоқтатылғанымен, атмосферада, жер үстінде, жер астында сынақтар жүргізілген 40 жылдан астам уақытта 1,5 млн адам зардап шеккен полигонның зардабы қазақ жерінің зардабы екені ұғындырылды. Ядролық қарудың қасіретінен адам денсаулығы мен қоршаған ортаға келер орасан зияндылығы туралы мәліметтер айтылды. Әрі Қазақстанның әлемдегі төртінші ядролық әлеуеттен өз еркімен бас тартып, ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізудің тиімді моделін құра білген тұңғыш мемлекет екені атап көрсетілді.



Мерзімді қызметтегі әскерилер ядролық сынақтардың құрбандарын еске алудың белгісі іспеттес «қасиетті ағашты», кеңестік кезеңде ядролық және басқа әскери полигондардың орналасқан жері көрсетілген Қазақстанның картасын да көрді.

## ЖАС САРБАЗДАР САП ТҮЗЕДІ

**Биылғы жылдың мамыр айындағы соңғы онкүндігінің жадыраған шуақты күндерінің бірінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлеріне қарасты «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің Приозерск гарнизонында орналасқан 06708 әскери бөлімі мен 18405 әскери бөлімінің жас сарбаздары салтанатты түрде Әскери ант қабылдады.**

Жас сарбаздардың Әскери ант қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиынның бетпердесін ашу кезіндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеру мәртебесі жас сарбаздар жиыны кезінде жауынгерлік даярлықта үздік танылған қатардағы жауынгер Ұлықман Әділет Қасымқұлұлына бұйырды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы көтерілгеннен кейін жеке құрамға Приозерск гарнизонының бастығы, 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Жасұлан Абеков Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарына сай, Отан алдындағы борышты өтеу кезіндегі Әскери анттың маңыздылығын жеткізді. Лауазымды басшы подполковник Жасұлан Садуұлы өз сөзінде: «Қазақстан Республикасының Конституциясының 36-бабында «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті» деп жазылған. Әскери ант қабылдау рәсімі – бұл әрбір жауынгердің Ата заң алдындағы міндетіне адал болуға, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшы тапсырмаларын бұлжытпай орындауға, сондай-ақ өз Отанын қорғауға әрқашан дайын болу керек екендігін білдіреді», - деп ой түйді.

Бір сызық бойына сап түзеген жас сарбаздар салтанатты түрде Әскери ант қабылдады. Салтанатты жиында Приозерск гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің бастығы әділет майоры Айдынбеков Жалғасбек Абайұлы, 18405 әскери бөлімінің командирі полковник Әлімов Әзімхан Кенесұлы құттықтау сөз сөйледі. Жас сарбаздар атынан мінберге көтерілген қатардағы жауынгер Ғайд Ерсұлтан Талғатұлы мен қатардағы жауынгер Талғатов Орынбасар Талғатұлы көпшілік алдында өздерінің жылы лебіздерін білдірді.




Сонымен қатар ата-аналар атынан Утембетова Гүлмира Азбергенқызына берілді.

Әскери ант қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын соңынан жас сарбаздар өздерінің әскери өмірге бейімделудің алғашқы күндерінде жинақтаған тәжірибелерін көрсетіп, жиналған қонақтарға, ата-аналарға және туған-туыстарына дене шынықтыру дайындығындағы спорттық жаттығу түрлері, жауынгердің қарумен саптық тәсілдері және спорттық қоян-қолтық ұрыс тәсілдерінің қимылдарын іс-жүзінде көрсетті.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарын толықтырған жас сарбаздардың Әскери ант қабылдау рәсімінің салтанатты жиыны жоғары деңгейде асқан ұйымшылдықпен өтті.

**Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы
лейтенант Думан ЖҰМАШҰЛЫ**

# ДАЛИ КЛЯТВУ ВОИНА

**Около 300 молодых солдат весеннего призыва, прибывших для прохождения срочной службы в 5-ю механизированную бригаду имени Бауржана Момышулы регионального командования «Юг», присягнули на верность Родине. Церемония принятия присяги состоялась в городском парке Жеңіс около памятника великому казахстанскому полководцу Бауржану Момышулы.**

Дина МУХАРИНОВА,
Владимир МАРТЫНЕНКО (фото),
пресс-служба Таразского гарнизона



Торжественное мероприятие открыли аким Жамбылской области Нуржан Нуржигитов и командующий войсками регионального командования «Юг» генерал-майор Мереке Кучекбаев. Чтобы разделить с сыновьями радость торжества, со всех регионов Казахстана в Тараз прибыли родители молодых солдат.

Аким Жамбылской области Нуржан Нуржигитов тепло поприветствовал солдат, а также их родителей. Он выразил уверенность, что ребята, прибывшие служить в Жамбылскую область, проведут этот год в полноценной боевой учебе, и им понравится атмосфера южного региона. Командующий войсками регионального командования «Юг» генерал-майор Мереке Кучекбаев отметил, что принятие присяги в парке Жеңіс у монумента великому полководцу Момышулы запланировано не случайно.

– Вот уже два года, как 5-я механизированная бригада носит имя выходца из Жамбылской области легендарного командира Бауржана Момышулы, – подчеркнул генерал-майор Мереке Кучекбаев. – Присягая на верность Родине около памятника великому полководцу, солдаты наполняют воинский ритуал особым смыслом. Теперь их будут называть бауржановцами, и на протяжении всего года они будут достойно нести звание защитников Отечества.

Началась церемония принятия присяги с принесения клятвы на верность Родине юными жассарбазовцами – школьниками города Тараз. Так юнармейцы заверили взрослых, что наравне со старшими товарищами готовы быть защитниками Отечества, пусть пока в масштабе своих военно-патриотических клубов.

– Я приехала на присягу к сыну из Алматы, не могла пропустить такое важное событие, – рассказала Раиса Хамраева, мама солдата Сарвара Хамраева. – Я горжусь сыном, горжусь тем, что он самостоятельно принял решение идти служить, не дожидаясь повестки, он сам пошел в управление по делам обороны. У меня шестеро детей, Сарвар старший из сыновей. И он подал хороший пример для младших.

Аким Жамбылской области и командующий войсками РгК «Юг» пообщались с родителями воинов, а также подошли к солдатам, принимающим присягу, поздравив их с торжественным событием. Как признались позже солдаты рядовые срочной службы Елнур Шапиев и Денис Ольховой, поздравление в их адрес и рукопожатие с руководителями Жамбылской области и войск регионального командования «Юг» они считают хорошим знаком.





– Такие известные люди пожали нам руки и поздравили нас с присягой! – восторженно заявили молодые воины. – Мы обязательно будем прилагать все усилия для качественной боевой учебы, чтобы оправдать доверие старших.

Для гостей города и посетителей парка Жеңіс была организована мини-экспозиция вооружения и военной техники. Её представили все воинские части регионального командования «Юг». После осмотра техники и беседы с командиром 5-й механизированной бригады подполковником Жанибеком Куранбековым, молодые солдаты получили возможность выйти в увольнение и провести с родителями выходные.

# БЕЗОПАСНОСТИ – ПОВЫШЕННОЕ ВНИМАНИЕ




**Под руководством заместителя главнокомандующего по боевой подготовке и территориальным войскам Сухопутных войск ВС РК генерал-майора Нурлана Алдиярова перед началом нового учебного периода проведены комплексные тактико-строевые занятия по соблюдению и обеспечению требований мер безопасности в повседневной деятельности войск.**

Целью данного мероприятия является обеспечение уровня профессиональной подготовки каждого военнослужащего, который позволяет ему в процессе исполнения обязанностей исключить негативное воздействие опасных и вредных факторов военной службы и безопасно выполнить поставленные задачи, предупредить увечья и иные несчастные случаи.

На 15 учебных местах были продемонстрированы наиболее вероятные нарушения мер безопасности при проведении занятий по боевой подготовке и регламентных работ по обслуживанию военной техники, а также их последствия.

Военнослужащие изучили более 30 тем, касающиеся обеспечения пожарной безопасности, правил работы с электроприборами, обращения с оружием, дорожного движения, оказания первой медицинской помощи и другие.



- Подготовка военнослужащих к выполнению требований мер безопасности в повседневной деятельности является неотъемлемой частью подготовки личного состава. Обучение военнослужащих требованиям мер безопасности проводится на всех этапах прохождения воинской службы с целью формирования необходимых знаний и навыков у каждого военнослужащего к безопасному выполнению задач, - отметил генерал-майор Нурлан Алдияров.

# СКОРОСТЬ И КАЧЕСТВО – ГЛАВНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ

**В Таразе на базе войсковой части 63563 регионального командования «Юг» впервые в истории Вооруженных Сил Казахстана состоялись соревнования по пожарно-прикладному спорту. В них приняли участие штатные пожарные команды Сухопутных войск ВС РК.**

Дина МУХАРИНОВА,
Владимир МАРТЫНЕНКО (фото),
пресс-служба Таразского гарнизона



Прежде чем попасть на соревнования в масштабе Сухопутных войск, военнослужащие штатных пожарных команд прошли отбор в своих региональных командованиях. В итоге в Таразский гарнизон на соревнования прибыли лучшие пожарные расчеты от каждого регионального командования: «Юг», «Восток», «Запад», «Астана», а также от войсковой части 68665 – части непосредственного подчинения управлению Главнокомандующего Сухопутными войсками.

Разработкой положения о конкурсе, отбором команд и организацией соревнований занимались офицеры Главного управления тыла Сухопутных войск.

– Соревнования среди военнослужащих Сухопутных войск мы проводим впервые, – подчеркнул заместитель Главнокомандующего Сухопутными войсками – начальник главного управления тыла полковник Арман Мансуров. – Вполне возможно, что к следующим соревнованиям мы что-то подкорректируем в условиях проведения состязаний, но в целом база конкурса сформирована. Уверен, подобного рода соревнования будут проводиться на постоянной основе.

Участникам состязаний предстояло пройти четыре этапа соревнований. Команды осуществляли боевое развертывание пожарных расчетов. Главные требования: скорость и качество выполнения задач.

Свои нормативы пожарные команды выполняли в условиях, максимально приближенных к реальным: с использованием пожарных машин, гидрантов, рукавов, мотопомп, теплоотражательных костюмов и других важных для пожаротушения принадлежностей. Единственным отличием стало отсутствие реального пожара, но он полыхал в душе каждого участника соревнований. Все команды стремились к победе.

В состав судейской коллегии вошли представители от каждого регионального командования. Главным судьей соревнований стал представитель Главного управления тыла Сухопутных войск подполковник Абзал Абдираимов.

– Военнослужащие всех региональных командований, а также войсковой части 68665 подошли очень ответственно к подготовке к соревнованиям, – отметил старший офицер Главного управления тыла Сухопутных войск ВС РК подполковник Абзал Абдираимов. – Штатные пожарные команды показали высокий уровень подготовки и волю к победе. Думаю, к следующим соревнованиям военные пожарные подготовятся еще лучше.

По признанию участников соревнования, из четырех этапов самым сложным стал заключительный – пожарный кроссфит. Он потребовал от участников стопроцентной выкладки сил и энергии.

– Пожарный кроссфит, действительно, стал самым сложным этапом соревнования, – согласился командир отделения пожарной команды войсковой части 21742 РгК «Юг» сержант Султан Ахметбеков. – Главным условием успешного выполнения этого норматива является высокая физическая подготовка. Мы преодолевали стометровую полосу в полном



снаряжении и боевой одежде, и при этом выполняли ряд тяжелых физических упражнений.

Пожарный кроссфит включил в себя выполнение серии упражнений. После десятикратного подъема гири весом в 24 килограмма и двадцатикратного толчка штанги, военному пожарному нужно было переместить стокилограммовую покрышку шины, переворачивая ее, и ударами кувалдой продвинуть на 10 метров другую, не менее тяжелую шину. Помимо этого, требовалось пронести тяжелые пожарные рукава до нужной отметки, собрать рукавную линию и донести на своих плечах до финиша тяжелый рукав.

На финише участники соревнований в буквальном смысле валились с ног от изнеможения и усталости. Но попадая в заботливые руки товарищей по команде и медика, быстро восстанавливались.

– Без подготовки справиться с заданиями всего конкурса, и самого сложного – кроссфита, было невозможно, и мы усердно готовились к конкурсу, – отметил военнослужащий пожарной команды войсковой части 68665 ефрейтор Виктор Викторов. – Ради победы мы не жалели своих сил.

- Главное в этом спорте: выдержка, выносливость и подготовка, – добавил командир отделения пожарной команды войсковой части 68665 младший сержант Максат Кулбаев. – Наш девиз: идти к победе, не отступать и не сдаваться!

По итогам четырех этапов соревнований в лидеры выбилась команда столичной бригады – войсковой части 68665. Буквально один бал от нее отделил другую сильную команду, занявшую второе место – пожарный расчет регионального командования «Запад». Замкнула тройку лидеров команда Гвардейского гарнизона регионального командования «Юг».

Вместе с представителями руководства Главного управления тыла Сухопутных войск ВС РК за этапами соревнования по пожарно-прикладному спорту наблюдал заместитель начальника Департамента по чрезвычайным ситуациям Жамбылской области полковник Мансур Шаикрамов. Организаторам и участникам соревнований было приятно услышать оценку профессионала.

– Должен отметить, что военнослужащие пожарных расчетов Сухопутных войск имеют высокий уровень подготовки, – подчеркнул заместитель начальника ДЧС Жамбылской области полковник Мансур Шаикрамов. – Они могут смело выходить на соревнования с нашими специалистами. И я, кстати, предложил военным пожарным побывать на нашем Республиканском чемпионате по пожарно-спасательному спорту, который пройдет в июле этого года.

Поздравляя участников с успешным проведением первых соревнований по пожарно-прикладному спорту, заместитель Главнокомандующего Сухопутными войсками – начальник главного управления тыла полковник Арман Мансуров выразил убежденность, что такие соревнования будут проводиться на постоянной основе, и не исключено, что в будущем состоятся в масштабе Вооруженных Сил республики.





# С ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ И ПРОФЕССИОНАЛИЗМОМ

**В соответствии с Планом подготовки Главного военно-медицинского управ-ления ВС РК организован и проведен учебно-методический сбор с работника-ми мобилизационных органов и заместителями командиров (начальников) военно-медицинских частей и учреждений.**

Первый день сбора состоялся на учебно-методической и материальной базе Цен-тра военной медицины МО РК в г. Алматы. Занятия начались со строевого смотра прибывших участников. Затем ими были сданы тесты для определения уровня знаний руководящих документов по мобилизационной подготовке.

В рамках запланированных мероприятий второго дня сбора на базе войсковой ча-сти 64192 г. Конаев состоялись практические занятия по развертыванию пункта приема личного состава (ППЛС) и пункта приема техники (ППТ), а также по орга-низации учета и хранения медицинского имущества и техники в соответствии с их предназначением.

Данный учебно-методический сбор проводился в целях выработки у его участни-ков единого понимания положений руководящих документов в области мобилиза-ционной работы, уяснения ими порядка и сроков представления соответствующей отчетной документации, а также закрепления теоретических знаний и практиче-ских навыков.

После УМС были подведены итоги деятельности военно-медицинских частей и учреждений по мобилизационной подготовке за зимний период обучения 2023 учебного года и определены задачи на летний период обучения.

Далее состоялся товарищеский матч по мини-футболу между командами участни-ков сбора и военнослужащих войсковой части 64192.

Руководитель сбора заместитель начальника штаба ГВМУ ВС РК полковник меди-цинской службы Лизе А.В. отметил ответственный и профессиональный подход со стороны организаторов и участников к проведенным мероприятиям.

Отличившиеся участники УМС награждены грамотами от имени начальника Глав-ного военно-медицинского управления Вооруженных Сил Республики Казахстан.

**Подполковник Чакаров А.О.,начальник организационно-мобилизационного отдела ГВМУ ВС РК, подполковник медицинской службы Абенов О.Ж., начальник штаба войсковой ча-сти 64192**



# «БАЛАЛАР БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ»

**Бүкіл әлемде 1 маусым «Балаларды қорғау күні» ретінде аталып өтіліп келеді. Бұл мереке ескі халықаралық мейрамдардың бірінен саналады. Оны өткізу жөнінде шешім 1949 жылдың қараша айында Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданды. Алғашқы халықаралық балаларды қорғау күні 1950 жылы өткізілді.**



44813 әскери бөлімінде «1 маусым – Халықаралық балалар күніне» орай «Балалар – біздің болашағымыз» тақырыбында концерттік бағдарлама және «Әке, Ана, біз. Біз – бақытты отбасымыз» атты ата-аналар және балалар арасында сайыс өткізілді. Мерекелік іс-шарамызды бөлім командирі полковник Берік Молдақұлов ашып берді.

Сайысты ұйымдастырған майор Нұрлыбек Жамангарин мен капитан Нұртаза Мубарак, әскери қызметшілердің отбасыларынан құралған 8 командаға сайыстың ережелерімен таныстырып өтті. Сайыс 5 кезеңнен тұрып, қатысушылар жарыста бар күш-жігерін аямады.

Жарыс нәтижесі бойынша 1-орынды 3-сыныпты сержант Бақытбек Рахымбековтың отбасы, 2-орынды капитан Нұрсұлтан Ермековтың отбасы, ал 3-орынды 3-сыныпты сержант Сырлыбек Танатбаевтың отбасы жеңіп алды.

**Сержант Ахетов Маратбек**
**44813 әскери бөлімінің клуб бастығы**

АБАЙ ГАРНИЗОНЫ

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУДА БАС ЖҮЛДЕГЕ ИЕ БОЛДЫ

**Алматы қаласында өткен халықаралық «Тайжарыс-Талант» байқауынының жеңімпазын Абай гарнизонының әскери қызметшілері аса қуанышпен қарсы алды. Мөлдір Мейрамбаева бес жасынан ән айтып жүр. Өнер өлкесіне қанат басқан ол вокал аталымы бойынша бас жүлдені жеңіп алды. Жас өрен сайыстан үздік шығатынына сенімді болыпты.**

– Мен бұл жарыста бірінші орын алатыныма өте сенімді болдым. Себебі мен бұл жарысқа ұзақ дайындалдым. Шығармашылық бағыттағы ұстаздарым да маған өте қатты көңіл бөлді. Міне, мен бүгін олардың үмітін ақтадым. Өте қуаныштымын, - дейді Мөлдір Мейрамбаева.



8 сыныпта оқитын әнші қыз үй отағасын үлгі тұтады. Жарыстарға барар алдында әкесінен кеңес сұрайды екен. Әскери қызметшілердің айтуынша, Мөлдірдің әкесі де қызметінде өнерлі болмаса да, жауынгерлік әзірлігі жоғары деңгейде. Қойылған тапсырманы аса жауапкершілікпен орындайды екен.

– Халықаралық байқауда Семейдің ғана емес, Қазақстанның намысын қорғаған қызымызды теміржол вокзалынан салтанатты түрде күтіп алдық. Мөлдірдің әкесі де қызметтінде белсенді жан. Әсіресе, жауынгерлік және мемлекеттік құқықтық дайындық жұмыстар жағынан өте зерек әскери қызметші. Өнерпазға толағай шығармашылық табыстар тілейміз, - дейді 54770 әскери бөлімінің инженерлік-саперлік батальон командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары аға лейтенант Бақберген Буратаев.



Мөлдір бұл жетістігімен шектелетін емес. Оны алдағы уақытта шілде айында Астана қаласында өтетін аса ауқымды ән жобасы күтіп тұр. Қаршадай қыз маған сенім артқан әкемнің үмітін ақтаймын дейді.

# ОҚУШЫЛАР ӘСКЕРИ ӨМІРМЕН ТАНЫСТЫ

**Жақында жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу мақсатында 44813 әскери бөлімінде Ашық есік күні патриоттық акциясы өткізілді.**



Ақмол ауылының №5 жалпы орта білім беру мектебінің 60-ға жуық бастауыш сынып оқушылары армия өмірін іштен көруге келді.

Әскери бөлімнің алаңында оқушыларды бөлім басшылығы, 44813 әскери бөлім командирінің орынбасары подполковник Еділ Ноғайбаев қарсы алды.

Олар осы әскери бөлімдегі қызметтің барлық ерекшеліктері туралы айтып, оның құрылу тарихына, жетістіктері мен сарбаздардың қызметіне тоқталды.

Оқушылар үшін бөлім аумағындағы үй-жайларға, оқу сыныптары мен жаттығу және демалыс бөлмелеріне экскурсия өткізілді.

Саптық алаңындағы әңгімеден кейін оқушыларға әскерде қолданылатын техниканың, қару-жарақтың және киім нысандарының, арнайы жабдықтардың негізгі үлгілері ұсынылды.

Сонымен қатар, экскурсия барысында майор Нұржан Омаров әскери қызметшілер келісімшарт бойынша қызметтің ерекшеліктеріне және әскери оқу орындарына түсу және оқу ережелеріне қызығушылық танытқан мектеп оқушыларының сұрақтарына жауап берді. Олар қабылдау ережелері, ҰБТ нәтижелеріне қойылатын талаптар, дене дайындығы және денсаулық жағдайы туралы толық ақпарат алды.

**Подполковник Нұржан СЫЗДЫҚОВ**



# ӘЛЕУЕТІ ЗОР МАМАНДЫҚ ИЕСІ

**Әскери топографтар геодезия және картография саласындағы білімді тәжірибеде жас толқын сарбаздарына топография сабағына сабақ өткізілді.**



Осы орайда, «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінің топограф әскери қызметшілерінің атқарып жүрген тыңғылықты қызметтеріне атап өткеніміз жөн.

Аталған әскери ортадағы жауынгерлік даярлықты ілгерілету мен әскери топография ісін жандандырып жүрген әскери қызметшілер баршылық.

Артиллерия әскерлерінде әскери топографтардың қызметі маңызды, - деді топографиялық қызметтің бастығы аға лейтенант Бозымбаев Арман Айбекұлы.

Әскери топография топогеодезиялық қамтамасыз ету тактикасымен, теория және практикасымен тығыз байланысты. Бұл дайындық пән ретінде әскери оқу орындары мен егеменді еліміздің Қарулы Күштерінің бөлімдері мен бөлімшелерінің оқу бағдарламаларына енгізілген. Оны барлық санаттағы әскери қызметшілер терең зерделеп оқиды.

Әрбір жауынгер ұрыс даласында табысты әрекет етуі үшін, тек қаруды меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар жергілікті жерде де жақсы бағдарлай білуі қажет. жергілікті жер ерекшеліктерін зерттейтін әрі оны бағдарлайтын, әскердің соғыс кимылдарын дала жағдайында дұрыс бағдарлау, командирдің жұмыс картасын дұрыс жүргізуі және графикалық әскери құжаттар жасауы үшін кажетті арнайы әскери ғылыми-топографиялық элементтер, жергілікті объектілер, олардың жағдайы, координаталары, өлшемі т.б. бақылауға қажетті көп санды және сапалы белгілері. Жергілікті жерлердің бүркеме және корғаныс ерекшеліктері туралы негізгі деректі ақпарат топографиялық және әртүрлі арнайы карталар, оған қоса жергілікті жер ерекшеліктері түсірілген фотоқұжаттар болып табылады. Әскери топография топогеодезиялық қамтамасыз ету тактикасымен, теориясымен, практикасымен тығыз байланысты. Әскери топография дайындық пән ретінде әскери оқу орындары мен Қарулы Күштердің бөлімдері және бөлімшелерінің оқу бағдарламаларына енгізілген. Оны әскери қызметшілердің барлық нысандары оқиды.

**Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы**
**лейтенант Думан ЖҰМАШҰЛЫ**

# ЖАСТАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ БАСЫМ

**Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті әскери кафедрасында оқу-жаттығу жиындарының басталуына арналған салтанатты шара ұйымдастырылды.**

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі әскери қызметтің беделін арттыру болып табылады. Осы мақсатта, Отанды қорғаудың конституциялық міндетін орындау үшін жоғары оқу орындарында жастардың әскери даярлығын ұйымдастырудың маңызы зор. Запастағы офицерлерді даярлау ісіне Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің әскери кафедрасы да өз үлесін қосуда. Әскери кафедраның негізгі міндеттерінің бірі – еліміздің Қарулы Күштері үшін нағыз Отан қорғаушыларды – жоғары адамгершілікті және жоғары білікті техникалық запастағы офицерлерді дайындау. Әскери кафедрада мұндай дайындық тұрақты түрде жүргізіледі. Оқу-жаттығу жиынының бірінші күні «Өмірді сақта» ведомствоаралық бағдарламаларын іске асыру және әскерлердегі құқық бұзушылықтардың алу жөніндегі 2023 жылға арналған бірыңғай іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында Қарағанды гарнизонында «Жас сарбаз» айлығы өткізілуде. Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасының қызметкерлерінің қатысуымен студенттерге әскери қызметшілердің қоғамдық орындарда киім кию ережелері мен өзін-өзі ұстауы, сондай-ақ әскери қызметшілердің әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тартылатыны туралы да ақпарат берілді. Сонымен қатар студенттерге 2023 жылы оқу-жаттығу жиындарын өткізу тәртібі туралы бұйрық таныстырылды. Оқу-жаттығу жиындарына арналған салтанатты шараға 400-ге жуық әскери кафедраның жеке құрамы қатысты.



«Аталмыш айлық жұмыстарының өткізілгені дұрыс, халыққа қызмет ететін азаматтардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Демек, әскери қызметші қоғамдық орында өзін дұрыс ұстап, киім кию ережесін мұқият сақтауы керек. «Өмірді сақта» ведомствоаралық бағдарламасына сәйкес студенттерге, құқық бұзушылықтың алдын алу, жарақаттануды азайту, одан өзге әскери қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жайы, әкімшілік құқық бұзушылықты болдырмау жайын талқыладық», - деп атап өтті өз сөзінде Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасы алдын алу бөлімінің бастығы Жарқынбек Молдаханов.

# ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС–ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

**Жетісу облысы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің жеке құрамына Әскери полиция қызметкерлері және психикалық денсаулық орталығының арнайы маманының қатысуымен бірнеше жағдайлардың алдын алу бойынша профилактикалық іс-шара ұйымдастырылып өткізілді.**

Іс-шараға департаменттің басқарма, бөлім басшылығы мен қызметшілері және аудан, қалалық басқарма бөлім басшылары қатысты. Ең алдымен мінбеге облыстық психикалық денсаулық орталығының маманы психиатр-нарколог Сералы Маматай шығып Маскүнемдік пен есірткі заттардың адам денсаулығына зияндығы туралы мысал келтіре отырып жан-жақты айтып жеткізді.




Әскери полиция бөлімінен келген қызметкерлер әскери автомобильдік полициясы бөлімшесінің бастығы капитан Ербол Пернебаев, аға офицер майор Дарын Дуйсенбинов, әділет майоры Нұрбол Зейтинов үстіміздегі жылдың осы кезіне дейін орын алған жол-көлік оқиғаларына талдап, демалыс жол-көлік оқиғасыз, өзіне-өзі қол жұмсау себептері мен салдары және Қарулы Күштерінің ішкі қызмет, тәртіптік жарғысы туралы кеңейтілген ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



– Шараның басты мақсаттары жеке құрамға қажетті мағлұматтар беру – оларды салауатты өмір салтын ұстануға және әскери ортада келеңсіз оқиғаларды болдырмауға шақыру, - дейді Әскери полиция бөлімінің алдын алу бөлімшесінің бастығы әділет майоры Нұрбол Зейтинов.

Сонымен қатар есірткі заттарды тұтынған, тасымалдаған және сатқан кездегі жауапкершілік бойынша арнайы дайындалған қысқа метражды фильмдер осы шара барысында жеке құрамның назарына ұсынылды.

Өз кезегінде әскери қызметшілер қонақтарға ойларындағы сұрақтарын қойып, оған тиісті жауаптарын алды.

МИРОВЫЕ НОВОСТИ

# ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ ЗА ШТУРВАЛОМ ИСТРЕБИТЕЛЯ

**Специалисты Управления перспективных исследовательских программ Пентагона DARPA завершили разработку и приступили к реальным испытаниям системы искусственного интеллекта Air Combat Evolution (ACE), которая предназначена для превращения реактивных истребителей класса F-16 в беспилотники, способные самостоятельно летать и принимать участие в боевых действиях.**




Испытания проводились на авиационной базе ВВС Эдвардс в Калифорнии. За время этих испытаний тренировочный истребитель налетал более 17 часов, а система искусственного интеллекта справилась со всеми поставленными задачами без каких либо проблем.

Отметим, что в испытаниях использовался самолет VISTA X-62A производства компании Lockheed Martin, который является модернизированной версией истребителя F-16D Block 30 Peace Marble II и оснащен более современной системой авионики Block 40. Этот самолет используется в процессе обучения и тренировок летчиков, поэтому он оснащен массой дополнительных датчиков, контролирующих многие параметры полета и поведения пилота.

В целях предосторожности в кабине самолета находился живой пилот, готовый в любой момент взять на себя управление. Но, как показали собранные данные, нужды в этом особо и не было, программа ACE отлично справилась с управлением самолетом и не допустила ни единой ошибки.

В ходе испытаний VISTA X-62A под управлением искусственного интеллекта взлетал и приземлялся в различных условиях, включая наличие условного противника, совершал полеты по заданным маршрутам и использовал учебное вооружение. Помимо этого, были проведены дополнительные тесты в условиях учебного ближнего боя. Целью этих тестов было выяснение того, могут ли пилоты доверить ведение таких боев искусственному интеллекту, что позволит им сосредоточиться на выполнении задач более крупного тактического масштаба.

По мнению представителей DARPA, наличие боевых истребителей, управляемых искусственным интеллектом, позволит реализовать концепцию так называемой «мозаичной войны», в который допускаются ограниченные целенаправленные потери. Так как на борту таких самолетов не будет живых людей, на их плечи могут быть возложены сложные миссии, выполнение которых связано с большим риском.

# TSAM ГИПЕРЗВУКОВЫЕ СНАРЯДЫ НИПОЧЕМ

**Поиск новых материалов для индивидуальных средств защиты следующих поколений постоянно приводил ученых в сферу живой природы, где они черпали идеи, исследуя раковины моллюсков, строение тел морских губок и т.п. По этому самому пути пошли и исследователи из Кентского университета, которым удалось создать целую семью белковых органических материалов, способных выдерживать удары объектов, разогнанных до гиперзвуковых скоростей.**

Исследователи считают, что кроме самой очевидной области применения в военном деле, данные материалы также могут найти применение и в космической технике.

В новом, поглощающем энергию ударов, материале использованы естественные амортизирующие свойства белка под названием талин (Talin), а само семейство материалов, которые являются гидрогелями, получило название TSAM (Talin Shock Absorbing Materials).

Во время тестирования эти материалы продемонстрировали способность к поглощению ударов объектов, разогнанных до скорости 1,5 километра в секунду. Это намного быстрее скорости пуль и снарядов из огнестрельного оружия (0,4 .. 1,0 км/с), и быстрее, чем большинство микрометеоритов, которые пронзают космическое пространство со скоростью чуть более 1 км/с.



Амортизирующие свойства новых материалов были проверены при помощи различных типов снарядов: от крошечных базальтовых частиц размерами в микрометры до достаточно массивных шариков шрапнели из алюминия. Еще одним из положительных свойств нового материала оказалось то, что сами снаряды, погрузившись внутрь гидрогеля TSAM, в большинстве случаев остаются невредимыми. Это свойство, к примеру, можно использовать для сбора образцов микрометеоритов.

Как показали результаты испытаний, TSAM поглощает кинетическую энергию пуль и осколков лучше, чем существующие материалы на основе керамики или волокон, такие как кевлар. Более того, использование TSAM-материалов в бронежилетах и других средствах индивидуальной защиты позволит снизить их вес, увеличить надежность и обеспечить лучшую защиту от так называемой заброневой травмы.

# САМОЛЕТ С «ВИРТУАЛЬНЫМИ» ПЛОСКОСТЯМИ ИЗ СЖАТОГО ВОЗДУХА

**Элероны, рули, закрылки, флапероны, стабилизаторы и т.п. Начиная с самолета братьев Райт и заканчивая современными истребителями пятого поколения, практически все летательные аппараты для управления полетом используют движущиеся части для изменения формы их плоскостей и их аэродинамических характеристик. Однако, у летательного аппарата, который создается компанией Aurora Flight Sciences в рамках программы DARPA под названием CRANE (Control of Revolutionary Aircraft with Novel Effectors), не будет ни одного подвижного элемента.**

Вместо этого будет использоваться система AFC (Active Flow Control), которая при помощи матриц сопел, расположенных на фиксированных крыльях самолета, будет создавать дополнительные «виртуальные» плоскости, состоящие из сжатого воздуха.

Таким необычным образом DARPA стремится добиться снижения веса и механической сложности конструкции крыла, которая следует из-за наличия подвижных элементов. Помимо этого, упрощение конструкции крыльев позволит иметь в них более емкие топливные баки, а создаваемые «виртуальные» плоскости из сжатого воздуха могут обеспечить более высокие углы атаки.

Основой системы AFC являются матрицы небольших сопел, подключенные к системе сжатого воздуха. Управляющая электроника и арматура может управлять давлением и количеством воздуха, выдуваемого через определенные группы сопел. Выдуваемые потоки воздуха, имеющие отличную от скорости потоков внешнего воздуха, будут обтекать самолет, и создавать достаточно эффективные «виртуальные» плоскости.



Если руководство DARPA решится на продолжение программы CRANE, то в рамках третьего этапа компания Aurora построит первый опытный прототип X-Plane и приступит к его испытаниям в 2025 году.

# SDA – КОСМИЧЕСКИЕ СПУТНИКИ-ПАТРУЛЬНЫЕ

**Согласно имеющимся данным, сегодня в космосе находится порядка 8 тысяч искусственных спутников различного назначения, и за последующие 10 лет это количество может увеличиться до 100 тысяч. Достаточно значимое количество из этих спутников входят в различные глобальные системы, от функционирования которых зависят некоторые жизненно важные области человеческой цивилизации. И, вполне естественно, что спутники критически важных систем рассматриваются в качестве первоочередных целей потенциальным противником, а другие стороны уже начинают принимать соответствующие меры по защите своих интересов в космическом пространстве.**

Одной из таких мер по защите интересов в космосе представляет собой подписанное недавно соглашение между известной американской компанией Northrop Grumman и японской компанией из Токио IHI Corporation. Целью этого соглашения является создание малогабаритных, но высокоскоростных и высокоманевренных спутников-патрульных SDA (Space Domain Awareness), которые будут защищать японские коммерческие спутники от опасных маневров и действий потенциально враждебных космических аппаратов.

С учетом того, что в космосе все чаще и чаще случаются инциденты, когда неопознанные и подозрительные космические аппараты сближаются со спутниками и начинают выполнять неподалеку опасные маневры, японское правительство в 2022 году выдало карт-бланш на реализацию программы SDA, в рамках которой будут разработаны вышеупомянутые спутники-патрульные, сервисные спутники, которые будут осуществлять заправку и обслуживание патрульных, и вся необходимая другая инфраструктура.

На текущий момент нет никакой достаточно подробной технической информации касательно программы SDA. Известно лишь только, что в конструкции спутников-патрульных будет использоваться одна из универсальных спутниковых платформ компании Northrop Grumman, на которую будет установлено необходимое оборудование и двигательные системы от IHI Corporation.



«Сейчас мы наблюдаем неуклонное увеличение военного потенциала в космическом пространстве. И мы должны научиться распознавать и своевременно реагировать на возникающие угрозы, - рассказывает Фумихару Намики (Fumiharu Namiki), один из руководителей компании IHI Corporation. - Большой опыт в этом деле компании Northrop Grumman делает ее лучшим партнером для достижения наших целей. И мы надеемся, что совместными усилиями мы обеспечим сохранение мира в космическом пространстве».

# ПЕРВЫЙ В МИРЕ АВИАНОСЕЦ ДЛЯ ДРОНОВ

**Боевой состав турецких ВМС пополнился десантным кораблем Anadolu - первым в мире кораблем такого типа, способным нести разведывательные и ударные беспилотники.**

TCG Anadolu превосходит по характеристикам десантные корабли ВМС Австралии и Испании, такие как Juan Carlos I, Canberra и Adelaide, пишет Анатолийское агентство.

Его особенностью является возможность использования разведывательно-ударных дронов - корабль штатно оснащен БПЛА Bayraktar TB2 и TB3. Последний представляет собой более мощную палубную версию TB2, оснащенную складным крылом и способную поднять до 280 кг полезной нагрузки. Также в состав авиакрыла Anadolu войдут вертолеты.

Десантный корабль Anadolu стал новым флагманом ВМС Турции.




# СЛИТЬСЯ С МЕСТНОСТЬЮ

**Специалисты российской компании «Кираса» ведут разработку перспективной экипировки с широким применением передовых материалов и специально созданных красителей, обеспечивающих изменение окраски - она позволит бойцам маскироваться на местности, практически полностью с ней сливаясь. При этом будет учитываться даже текущее время суток.**

По утверждению руководителя «Кирасы» Владимира Кормушина, предприятие планирует обеспечить российских бойцов новой высококлассной экипировкой, которая позволит сделать их фактически невидимыми для своего противника. В частности, помимо спецкраски, упоминаются работы по маскировке в разных охватах длин волн, включая тепловизионном, что обеспечивают новые спецматериалы. Точнее - спецткань.

Кроме того, данные наработки от специалистов «Кирасы» вполне могут перейти в будущую армейскую экипировку с названием «Легионер», которую массово начнут получать в войсках к 2035 году, хотя опытные ее образцы обещают к 2025-му.

Также говорится о том, что «Кираса» разработает для «Легионера» боевой защитный комплект, а также набор зимнего варианта маскировки и очков — все это данная компания делала и для актуального на сегодня «Ратника».

2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ

«ГИС «Әскери Медиа» ЖШС «Айбын» журналы мен «Сарбаз» газетіне 2023 жылға жазылу нұсқасын ұсынады. Сіздер біздің басылымдардан Қазақстандағы және әлемдегі әскери жаңалықтарды, сондай-ақ жаһанда болып жатқан түрлі оқиғаларға қатысты сараптамалық шолуларды оқи аласыздар.

«САРБАЗ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:
1 ЖЫЛ – 13574,64/13798,08 (ҚАЛА/АУЫЛ)

«АЙБЫН» ЖУРНАЛЫНА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:
1 ЖЫЛ – 32835,60/32887,20 (ҚАЛА/АУЫЛ)

«ӘСКЕРИ ЗАҢГЕР» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:
1 ЖЫЛ – 6483,60/6535,20 (ҚАЛА/АУЫЛ)

Индекс 74055
«АЙБЫН» ЖУРНАЛЫ

Индекс 64204
«САРБАЗ» ГАЗЕТІ

Индекс 64687
«ӘСКЕРИ ЗАҢГЕР» ГАЗЕТІ

Мекен-жай: 010000, Астана қ., Есіл ауданы,
Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана көшесі, 11 үй, «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналының редакциясы.
Тел/факс: 8(7172) 25-21-63.
Электронды мекенжай:
INFO@SARBAZ.KZ

SARBAZ



ҚР Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша шығады

Меншік иесі: «ГИС Әскери Медиа» ЖШС

Шығарушы редакторлар
**Тимур АУБАКИРОВ**
**Ерлібай ҚАДЫРБАЙ**

Тілшілер:
**Меруерт САФАЕВА**
**Рима ӘБЕУОВА**
**Нариман ДЮСЕНОВ**

«Шығыс» ӨңҚ аймақтық тілші
**Алуа ИСКАКОВА**

«Астана» ӨңҚ аймақтық тілші
**Фархат КИНЖИТАЕВ**

Дизайнер
**Адил ШЕРИМБЕТОВ**

Корректорлар
**Сымбат НҰРХАЙДАРОВА**
**Наталья ВАРНАВСКАЯ**

Газет «Сарбаз» деген атаумен 2007 жылдың 2-тамызынан бастап шығады.
ҚР Инвестициялар және даму министрлігінде 2015 жылдың 30-сәуірінде тіркелген, куәлігі №5340-Г
Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасымен әркез сәйкес келе бермейді. Қолжазба мен фотосурет рецензияланбайды және кері қайтарылмайды.
Редакция автор материалын мазмұнын сақтай отырып өңдеуге, қысқартуға құқылы.
Газет жұма күні шығады.
Бағасы келісімді.

**Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана көшесі, 11 үй.
Вебсайт: www. sarbaz. kz
**Тел/факс: 8 (7172) 25-21-63**
**E-mail:** INFO@SARBAZ. KZ
Газет **«Алматы-Болашақ» баспаханасында басылып шығады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223-Б**
Көлемі 3 б. т.
Офсеттік басылым.
**Индекс 604 8**
**Таралымы 3087 дана**
**Тапсырыс №22**